Қорыта келгенде, балалардың оқуға теріс қатынасы олардың мотивтерінің тарлығы және кедейлігі, жетістікке жетуге қызығушылықтың төмендігі, бағаға бағытталу, мақсат қоя алмау, қиындықты жеңуге, оқуға ұмтылысының болмауы, мұғалімдерге, мектепке теріс қатынасынан және ата-ананың бала қажеттілігін қанағаттандыра алмауынан көрінеді.

Балалардың оқуға оң қатынасының түрлі деңгейлерінде мотивацияның тұрақсыздықтан терең саналы сезілген деңгейіне дейін біртіндеп өсуі байқалады, сондықтан, ерекше әрекетті жоғарғы деңгей мотивтердің тұрақтылығы, олардың иерархиясы, перспективалық мақсаттар қою біліктілігі, өзінің оқу іс-әрекетінің және мінез – құлқының нәтижелерін көре білу, мақсатқа жету жолындағы қиындықтарды жеңе білуінен көрінеді. Оқу іс-әрекетіне отбасы мен ата-ананың араласуы, оқу міндеттерін шешудің стандартты емес тәсілдерін іздестіру, әрекет тәсілдерінің мобильдігі, шығармашылық іс-әрекетке ауысу, өз бетімен білім алудың артуын көрсететіні, оқушы іс-әрекетінен байқалады.

Отбасы - бұл кішкентай адамның өміріндегі алғашқы тұрақты топ. Тұлғаның қалыптасу процесінде отбасы басым рөл атқарады. Отбасында, мектепке дейін де, баланың негізгі мінездік белгілері, оның әдеттері қалыптасады. Бала-қандай болады, бақытты ма, жоқ па, ол, отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынас қандай болатынына байланысты. Отбасылық өмір алуан түрлі. Қиындықсыз, отбасы болмайды.

Зерттеу жүргізгеннен кейін, біз, ата-аналар мен балалардың қарым-қатынасын түсіну, қабылдау және тану негізінде құрылған отбасыларда өзін-өзі бағалау жоғары, көзқарастар позитивті, әлеуметтік ашықтық және баланың белсенділігі, тәуелсіздігі дамытуға бағытталған деп қорытындыладық. Жалпы алғанда, баланың оқу іс-әрекетіндегі үлгерімі үшін қажетті психологиялық жағдайлар жасалады. Ата-аналық қатынастардың деструктивті түрі бар отбасылардағы балалар, мектептегі үлгерімнің төмендігімен сипатталады.

Алынған нәтижелерге сәйкес, сынып жетекшілеріне келесі ұсыныстар жасалынуы керек:

1) дағдарыс пен қиындықтардың туындауына қарамастан, балаға, әсіресе бастауыш мектеп жасындағыларға, назары әлсіреп кетпеуі үшін, ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім беруге тиіспіз.

2) отбасылық тәрбиенің түрін нақты анықтауға және қажет болған жағдайда психологпен бірге отбасылық қатынастарды реттеуге уақытылы көмектесуге әзір болуымыз керек.

3) әкенің(ананың) баласын тәрбиелеу мен тәрбиелеудің маңызы мен ролін арттыру жөніндегі жұмысты ерекше күшейтуіміз қажет.

Отбасы мен мектеп арасындағы қарым-қатынас баланың мектепке келген алғашқы жылдарында ғана маңызды емес. Олар, ересек жаста да өзекті болып қалады, өйткені, мектепте баланың өзін-өзі көрсетуге, оның дарындылығын көрсетуге мүмкіндігі жиі кездеседі. Мектеп алдына көптеген міндеттер қойылады: *тәрбиелік, ағартушылық және дамытушылық*. Мектеп- ата-аналарға қатысты көптеген мәселелерді шешуге көмектеседі, бірақ ол ешқашан отбасымен бәсекелесе алмайды.

Бұл, отбасы, баланың жеке басын қалыптастырудың ең күшті құралы болып табылады. Өмір мен ғылым- балаларда, содан кейін ересектердегі, барлық қиындықтар отбасылық тәрбиедегі қателіктерден болатындығын дәлелдеді, олардың ең бастысы - махаббаттың жоқтығы және өз балаларын мақтап, қолдау көрсете алмауынан туындайды. Бала үшін, ең бастысы – оны, яғни баланы жақсы көру. Осылайша, баланың мектептегі жұмысына әсер ететін факторларды зерттеу, тапсырмаларды шешуге және гипотезаны растауға мүмкіндік берді.



Жетістік арқылы тәрбиелеу, баланың және оның отбасының қадір-қасиеттеріне, құндылықтарына, мұраттарына сүйенген түрде оқушыны, ата- аналарды мейлінше тереңірек түсінуге деген мектептің ұмтылысын көздейді. Бала, тәрбиесінің тиімді тәсілдерін, отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыру мақсатында пайдалану екі жаққа да тиімді тәсіл болып табылары сөзсіз.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің Қазақстан халқына «Қазақстан 2030» стратегиясы, 2018
- 2 Ананьев Б.Ф. “Избранные психологические труды” В-2-х т. под ред. А.А. Бодалев и др. – М.; Педагогика 2015.-21стр
- 3 Павлов И.П. “Собрание сочинений” III-т. СССР “Академия” 2011 г.-57стр.
- 4 Небылицин В.Д. “Основные свойства нервной системы человека” М.; “Просвещение” 2016 ж.-102стр.
- 5 Лазурский А.Ф. Очерк науки о характерах М., 2015-81стр.
- 6 Мерлин А.С. Психология индивидуальности. Москва-Воронеж, 2020.-75стр.
- 7 Мерлин В.С. Очерк интегрального исследования индивидуальности.- М.,2016.-46 стр.
- 8 Мясищев В.Н. Личность и неврозы. –Л.,ЛГУ,2010.-57стр.
- 9 Наракидзе В.Г. Характер и фиксированные установки. Тбилиси.2020.-84стр.
- 10 Платонов К.К. Структура и развитие личность.-М.,2016.-97стр.
- 11 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии-М, 2020.-29стр.
- 12 Узнадзе Д.Н. Психологические исследования М.,2016.-63стр.
- 13 Фромм Э.Человек для себя. Минск, 2016.-79стр.
- 14 Дружинин В.Н. Психология общих способностей.- М.,2015.-221стр.
- 15 Рубинштейн С.Л.Основы общей психологии.В. 2-х т.-М.,2019.-116 стр.
- 16 Липкина А.И. Самооценка школьника М., Знание, 2016.-67стр.
- 17 Лисина М.И. Общение, личность и психика ребенка М., 2017.-92 стр.
- 18 Юсупов И.М. Психология взаимопонимания. Казань, 2011.-37 стр.
- 19 Овчарова Р.В. Технологии практического психолога образования. М., ТЦ "Сфера"2019.-81 стр.
- 20 Рояк А.А. Психологический конфликт и особенности индивидуального развития личности ребенка. М.: Педагогика, 2018.-94стр

**БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЕУРОПАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕНІҢ МОДЕЛІ**

**Бекузакова Ақбота Құрманғазықызы,  
Керимбекова Карлығаш Умирзаковна**

№1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогтік колледжидің  
Арнайы пәндер оқытушылары

***Аннотация** Мақалада Швеция, Финляндия елдерінің білім беру жүйесі және мектепке дейінді білім мен бастауыш білім берудің ерекшеліктері сипатталады. Еуропа мемлекеттерінің озық тәжірибесін еліміздің білім беру жүйесіне енгізу, оны түрлендіру, тиімді нәтижеге жету жолдары қарастырылған.*

***Тірек сөздер:** Білім беру жүйесі, жоба әдісі, мектепке дейінгі білім, бастауыш білім беру ерекшеліктері, функционалды сауаттылық.*

Қазіргі заман педагог қызметіне аса жоғары талап пен үздіксіз дамуды қажет ететін бірегей мамандыққа айналды. Еліміздің болашағы жас буынды даярлайтын мұғалімнің сауатты болуымен шектелмей, оқыту үрдісіне жаңа ой, шығармашылықпен ұйымдастырылған іс-әрекеттер қажет ақ. Осы тұрғыда педагог кадрларды даярлау барысында қолдауларға ие болып отыр.

Алматы қаласының 2023-2030 жылдарда білім беру жүйесін дамытудың 2025 дейінгі бағдарламасында аясында 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективаларында қойылған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында колледждің арнайы пән оқытушылары Швеция, Финляндия елдеріне Халықаралық тағылымдаман өтті. Халықаралық тағылымдамада Швеция, Финляндия білім беру жүйесінің ерекшеліктерімен, мектепке дейінгі білім беру, бастауыш білім беру жүйесі және базаларымен танысты. Өздеріңізге мәлім Швеция білім индексі бойынша әлемде 4 орында. Ал, Финляндия мемлекетінің оқушылары халықаралық зерттеулерге сәйкес үздік көрсеткіштермен танылған елдер. Оқушыларымыздың алдында осындай көрсеткіштерге ие мемлекеттердің жетістікке жету себебі, білім беру жүйесіндегі әдістемелік негіздемелерін зерттеп, қоржындарын жаңа біліммен толықтыру мақсаттары тұрды.

Швецияда адамның табиғатпен үйлесімде болуы аса маңызға ие. Балабақша, мектептерде оқу үрдісінің 40% үзіліске бөлінген (үзіліс ұзақтығы 25 минут). Үзіліс кезінде таза ауада жүру міндетті. Балабақша тәрбиеленушісінен әр түрлі ауа райында киіну үлгісін сұрау арқылы да функцияналдық сауаттылық қалыптастырады. Тағылымдама барысында Швеция балабақшалары функцияналдық сауаттылықты практикалық, шығармашылық тапсырмалар негізінде жүзеге асу үрдісін бақылады.

Швеция мектепке дейінгі білім беру жүйесі мен бастауаш сыныптарда функцияналдық сауаттылықты қалыптастыру жолдарын бақылады. Сондай-ақ жаратылыстану бағыты бойынша функцияналдық сауаттылықты қалыптастыру әдістерімен тәжірибе жүзінде танысу мақсатында Стокгольм университетінің ғылыми-зерттеу базасына, Bergianska trädgården ботаникалық бағына экскурсияға барды. Швеция балабақшалары ботаникалық бақтармен тығыз байланыста болады. Балабақша тәрбиеленушісі баққа өсімдік, көкеніс егуді, баптауды, өнімінен тағам әзірлеуді бақта жүзеге асырады. Бақтағы балалар еңбегін тамашалау жағы да ұйымдастырылған. Оқытушылар ботаникалық бақта балалар өсірген өсімдіктерді тамашалады.

Швеция балабақшасындағы функцияналдық сауаттылық осындай әдістер арқылы дұрыс жолға қойылған. Балабақшада 5 жастан барлық баланы планшетпен қамтамасыз еткен. Мәселен, бала планшетте сурет салуды біліп қана қоймай, салған суретті қолдану мақсатын айқындау арқылы да цифрлық бағытта функцияналдық сауаттылықты меңгертеді.



Швеция, Финляндия бастауыш сыныптары 1-6 сыныптарды қамтиды. Швед мектептерінде оқу процесі топтық жоба құруға, қорғауға, іске асыруға негізделген. Жобалар жаратылыстану бағытымен тығыз байланыста жүргізіледі. Үй тапсырмасы берілмейді. Мектептер оқу-құралдарымен, әр оқушыны ноутбукпен қамтамасыз етеді. Оқу жылы тамыз айының ортасында басталып, маусым айының ортасында аяқталады.

Швеция жалпы орта білім беру ұйымдарында функционалды сауаттылық келесі құрылымды бөліктері қарастырылған:

- оқу сауаттылығы;
- жаратылыстану-ғылыми сауаттылық;
- математикалық сауаттылық;
- қаржылық сауаттылық;
- ғаламдық құзіреттілік;
- тұлғаның креативті дамуы.

Функционалдық сауаттылық-қоғамда табысқа жету шарты толыққанды қызмет ету шарттарының бірі.

Финляндияның білім беру жүйесіне мыналар кіреді: мектепке дейінгі тәрбие (7 жасқа дейінгі балалар), міндетті жалпы білім (9 жылдық негізгі мектеп), орта білім (гимназиялар мен кәсіптік мектептер) және жоғары білім (университеттер және оларға теңестірілген университеттер).

Бала мектепке барар алдында Финляндиядағы балабақшаларда мектепке дейінгі тәрбие беріледі. Балаға 6 жастан бастап, бірінші кезеңде мектеп бағдарламасын меңгеру үшін қажетті барлық білім мен дағдыларды ойын түрінде үйретеді. Мектепке дейінгі білім беру тегін, ал 2015 жылдан бастап балалардың қатысуы міндетті болды. Жалпы білім беретін мектепке бару Финляндияда 7 жастан басталады. Оқушылар жалпы білім беретін мектепте 9 жыл оқиды. Фин балабақшаларында әр балаға жеке дара жоспар құрып, оны дамуды ата-анамен бірге отырып талқылайды. Яғни, баланың жеке дара екершеліктері алдыңғы орында тұр. Ел 100% сауаттылық деңгейімен мақтанады.

Фин мектептері 10 балдық бағалау жүйесін қабылдады. Мектеп кітаптары мен керек-жарақтары тегін. Сонымен қатар, оқушылар күн сайын мектепте тегін ыстық түскі ас алады. Үйден мектепке дейінгі қашықтық 5 шақырымнан асса, оқушылардың көлік шығындарын муниципалитет төлейді. Муниципалитеттер мемлекеттен негізгі мектептерді ұстауға субсидиялар алады, ал субсидия мөлшері әр ауданның экономикалық жағдайына байланысты және кейде шығындардың 100% құрайды. Оқу жылы 190 жұмыс күнінен тұрады. Оқыту тек күндізгі ауысымда жүргізіледі, ал мектептер сенбі және жексенбі күндері жабық. Мектеп мамырдың аяғында немесе маусымның басында үлкен көктем мерекесімен аяқталады, содан кейін балалар жазғы демалысқа шығады.

Финляндия мемлекетінде барлық қоғамдық ұйым және т.б мемлекеттік маңызды нысандардың күші елдің білім беру жүйесіне жұмылдырылған. Мәселен, мұражай, жазушылар үйі қызметкерлерінің жылдық сағатының бір бөлігі мектеппен тығыз қарым-қатынаста болып, оқушылармен жұмыс жасауға бағытталған. Күнделікті сабақ барысында бұл мүмкіндік оқу процесін түрлендіруге, оқушы тұлғасын жан-жақты дамытуға, оқу мазмұнын әр түрлі форматта өрбітуге септігін тигізеді. Фин білім жүйесінде оқушының өзіне қызмет ету, кәсіпкерлікке баулу, оқушы ұжымымының орта, қашық перспективалары үшін ортақ қаражатты жасақтау жоспарын құру аса маңызды саналады. Бұл Фин балаларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тиімді жолына айналған.

Еуропаның озық тәжірибесімен танысқан оқытушылардың мақсаты: Халықаралық тағылымдама негізінде жинақтаған білім қоры негізінде білім алушыларды осы өмірдің дағдысына дайындау, оларды белсенділікке, шығармашылыққа, іскерлікке және тәуелсіз білімге деген қызығушылыққа жетелеу.



Ол үшін әрбір ұстаз заманауи сабақты ойдағыдай өткізу үшін ең алдымен өзін өзгерту қажет және «Сабақта шығармашылық атмосферасын қалай құруға, болады?»-деген сұрақтардың жауабын іздеп, дұрыс шешім табу. Оқытуда сәтті болу үшін оқытушылар баланы ең алдымен ақпаратпен жұмыс істеуге үйретеді: оны табу, қажет нәрсені қажетсізден ажырату, фактілерді тексеру, талдау, жалпылау және ең бастысы – өз тәжірибесіне көшу. Мұндай оқу дағдысы әр пән бойынша қалыптасады. Ақпаратты түсіну және болашақта не қажет екенін түсіну колледж пәндерінің әрқайсысында маңызды: математика, педагогика, ағылшын және т.б. сонымен, қатар қалалық семинарлар, тренинг сабақтар өткізіп, өз білімдерін колледждің барша ұстаздар қауымы, білім алушылар қауымына дәріптеп жатыр. Болашақ маманның, жас ұрпақтың бойында функционалды сауаттылықты қалыптастыру еліміздің өркендеп, білімді тиімді, нәтижелі қолданудың дұрыс жолын қалыптастыру үшін Еуропа елдерінің тәжірибесін алу аса маңызды. Дегенмен, дамыған елдердің оқыту процесіндегі әдістемелік ерекшеліктерді толығымен көшіру емес, халқымыздың ұлттық ерекшеліктеріне икемдеп қолдану жолдарын қарастырған жөн.

Функционалды сауатты тұлғаның негізгі белгілері: бұл белгілі бір қасиеттерге, шешуші құзыреттерге ие, адамдар арасында өмір сүре білетін және тәуелсіз тұлға. Ендеше, функционалды сауатты тұлғаны қалыптастыру әрбір ұстаз, ата-ана, қоғамның алдында жауапты сезінген әрбір азаматтың парызы.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мұсаев С. Бегалиев Т. Жас ерекшелік педагогикасы. Астана, 2014 ж
2. Өмірбаева М.Р. //Оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыру - сапалы білім кепілі. bilimdiler.kz
3. Сапарова Г. //Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру — заман талабы. Martebe.kz

## ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ НАВЫКОВ У УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ

**Чапурина Анна Алексеевна**

Магистрант педагогического факультета ЗКУ им. М.Утемисова,

Научный руководитель- Сейтенова Салима Сагиновна

Уральск, Казахстан

**Аннотация:** В данной статье рассматриваются с теоретической точки зрения проблема формирования исследовательских навыков учащихся начальной классов. Изучается педагогическая литература по теме исследования. Дается трактовка к термину «навык», а также показывается важность формирования исследовательских навыков младших школьников в современном обществе.

**Ключевые слова:** исследовательские навыки, обучение, деятельность, способности, умения, формирование, индивидуальные возможности, современность, понимание окружающего мира.

**Введение.** Одним из главных направлений деятельности в современном обществе, в связи с повышением качества образования является разностороннее развитие личности ребенка, его умений и навыков работы в коллективе, повышение мотивации к обучению. В



связи с этим педагогами осуществляется поиск содержания, новых форм, методов, средств обучения, способствующих на практике возможности самоактуализации, саморазвития и самореализации личности учащегося.

Одним из особенностей, позволяющих учащимся понять законы развития окружающего мира,- это развитие у них исследовательских навыков и способностей. Данная особенность в исследовательском поиске обусловлена биологически, ребенок рождается исследователем. Неутолимая жажда новых впечатлений, любознательность, постоянное стремление наблюдать, экспериментировать рассматриваются как важнейшие черты детского поведения.

В общественных школах страны внедрение новые методы обучения, одна из которых- исследование творческих заданий в учебном процессе. Использование этого инструмента поможет повысить уровень знаний и навыков младших школьников.

Исследовательская деятельность сосредоточена на самостоятельной деятельности учащихся начальных классов, а развитие их исследовательских навыков способствует их интеллектуальному развитию и познавательной деятельности.

**Содержание основного материала статьи.** В сфере социально-общественных преобразований современные образовательные учреждения переходят на новую образовательную парадигму. Образовательные методики, базирующиеся на знаниях, все более уступают место улучшенным моделям, ориентированным на развитие личности в процессе обучения.

Под образовательными результатами понимается расширение личных возможностей, которые помогают индивидууму творчески подходить к решению задач, независимо от ожиданий окружающих, контролировать свои действия на основе эмоций, применять критическое мышление, действовать независимо, быть автором собственной жизни, а не инструментом своих действий.

Новое поколение стандартов призывает не только достигать важных результатов, но и совершенствоваться и внедрять универсальные методы обучения, которые гарантируют успех на всех уровнях образовательной системы.

Теоретические основы развития исследовательских навыков учащихся начальных классов отражены в трудах ряда отечественных ученых, таких как М. Лутфуллоева, Ф. Шарифзоды, И.Х. Каримова, Ш.А. Шаропова, Х.М. Сабури. Педагогические и психологические аспекты подхода к формированию исследовательских навыков можно найти в исследованиях ученых Н.А. Бернштейна, И.А. Зимней, Д.Б. Богоявленского, И.П. Подласого, А.И. Савенкова, А.М. Матюшкина, Н. Козлова, Н.Ф. Талызиной, А.В. Петровского, А.В. Брушлинского, В.П. Зинченко, С.И. Брызгаловой, Н.А. Семеновой и других.

Исследование- является одним из важных источником понимания окружающего мира детьми. Главной особенностью научного образования является активизация творческих способностей и формирования исследовательских навыков подрастающего поколения. При этом необходимо изменить позицию учителя - «подготовки ребенка к исследовательскому мышлению и исследовательской деятельности». В области педагогики термин «навык» определяется как умение, доведение до автоматизма, то есть выполнение целенаправленных действий, доведенных до автоматизма, в результате самостоятельного многократного повторения одних и тех же движений или решений типовых задач в рамках производственной, спортивной или учебной деятельности.

К определению навыка подходят по-разному: как к способности, синониму умения, автоматизированному действию. Наиболее распространенным является определение навыка как упроченного, доведенного в результате многократных, целенаправленных упражнений до совершенства выполнения действия. Оно характеризуется отсутствием направленного контроля сознания, оптимальным временем выполнения, качеством.



Наиболее полная и адекватная трактовка навыка как сложной многоуровневой двигательной системы предложена Н.А. Бернштейном: «это активная психомоторная деятельность, образующая и внешнее оформление, и самую сущность двигательного упражнения... Выработка двигательного навыка есть смысловое цепное действие, в котором также нельзя ни выпускать отдельных смысловых звеньев, ни перемешивать их порядок.

А.И. Савенков отмечал, что «для успешного существования в динамичной среде природа наделила человека способностью проводить исследования [1, С. 80].

По мнению И.П. Подласого «навыки – компоненты практической деятельности, проявляющиеся в автоматизированном выполнении необходимых действий, доведенных до совершенства путем многократного упражнения» [2, С. 365].

Выдающиеся педагоги А.В. Петровский, А.В. Брушлинский и В.П. Зинченко под понятием «навык» подразумевают частичную автоматизированность исполнения и регуляции целесообразных движений у человека. Таким образом, навык является сознательно автоматизированным действием [3, С. 107].

Навык Николаем Козловым трактуется как новый способ действия, протекающее как самостоятельное, развёрнутое и сознательное, затем в результате многократных повторений может осуществляться уже в качестве автоматически выполняемого компонента деятельности. Психолог отмечает, что, наверное, все-таки важнее не количество автоматизмов, а их содержание и качество: если у человека есть привычка думать, любить и развиваться, это неплохое приобретение [4, С. 72].

По нашему мнению, современный ученик – это будущий исследователь, творческая личность, умеющая мыслить критически и самостоятельно принимать решения. При выборе методов преподавания и обучения в современной начальной школе учитель должен учитывать вышеперечисленные особенности учащихся.

Формирование навыка – это процесс, который достигается путём многократного повторения действий и благодаря этим действиям навыки совершенствуются и закрепляются. На сегодняшний день в практике современных общеобразовательных школ формирование исследовательских навыков, учащихся приобретает всё большую актуальность. Общие исследовательские умения и навыки младшего школьника включает в себя умения анализировать ситуацию, мыслить критически, самостоятельно решать проблему, задавать вопросы, наблюдать за происходящим, контролировать ситуацию, выдвигать новые идеи, отстаивать собственную точку зрения.

Исследовательские навыки, как специальная форма интеллектуально-творческой работы, возникают в процессе деятельности, направленной на поиск и творчество, и основаны на широком развитии когнитивных процессов.

Педагог Н.Ф. Талызина исследовательские навыки и умения позиционирует как «один из способов реализации разной деятельности». По её мнению, формирование исследовательских навыков находится в зависимости от сформированности простых умений, составляющие операционный компонент [5, С. 288].

По мнению Д.В. Татьянченко, «успешное образование в начальной школе невозможно без развития определённых навыков и способностей ребёнка, которые ему необходимы в процессе обучения [7, С. 42-55].

В научно-методической литературе их обычно называют общими обучающими навыками. Но сегодняшний переход от информационно-разъяснительной технологии обучения к деятельностно-развивающей технологии, которая охватывает широкий спектр отношений между участниками учебного процесса, предъявляет всё больше требований к личности как учителя, так и учащихся – от них требуется бдительность и целеустремленность.

В своих исследованиях, педагог Н.А. Семёнова делит умения и навыки на следующие блоки [6, С. 203].





Современная начальная школа стремится сделать учебно-исследовательскую деятельность для младших школьников как можно более доступной. В этом процессе целью является освоение учащимися навыков, которые позволят им самостоятельно обучаться и запускать механизм развития, превращая образование в процесс самообучения, благодаря чему они становятся всесторонне развитыми личностями и юными исследователями.

По нашему мнению, формирование исследовательских навыков у младших школьников основывается на стимулировании у них механизмов поисково-творческой активности. В начальной школе формирование исследовательских навыков позволяет разработать ряд форм, методов и моделей включения младших школьников в исследовательскую деятельность, а также её поэтапную реализацию в соответствии с апробацией результатов. Следовательно, учителем должны использоваться такие формы и методы, которые при различном уровне развития исследовательского опыта учащихся могут дать определённые результаты. Для этого учителями успешно используется метод дифференциации и индивидуализации.

Анализируя научную литературу, обосную теоретическую точку зрения учёных педагогов, мы пришли к выводу, что грамотно и с методологической точки зрения успешно организованная исследовательская деятельность младших школьников предполагает решать следующие задачи:

- развитие умений работать с текстом, выделять сущность и краткое содержание текста, выделить полезную информацию с предлагаемого текста;
- развитие умений задавать вопросы, и на их основе формулировать проблемы (социальные, бытовые) и находить способы их решения;
- развитие умений выдвигать гипотезы и их обоснование; – развитие умений работать со справочной литературой.

**Выводы.** Подчеркивается важность вовлечения младших школьников в исследовательскую работу в процессе формирования у них исследовательских навыков. Учитель, осуществляя психолого-педагогическое сопровождение формирования этих навыков, должен обладать навыками диагностики, чтобы определить индивидуальные возможности и интересы каждого ребенка и учитывать их при планировании учебных исследований. Основной задачей в этом процессе является помощь каждому ученику в обретении уверенности в своих способностях.

Следовательно, организация работы над исследованиями детей представляет собой сложную и многоаспектную задачу, требующую интеграции различных подходов к формированию исследовательских интересов и способностей учеников. Необходимо постепенно и последовательно вовлекать учеников младших классов в исследовательскую деятельность.

#### СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ:

1. Савенков А.И. Методика исследовательского обучения младших школьников. – Самара: Издательство «Учебная литература». – М.: 2014. – С. 80.
2. Подласый И.П. Педагогика: 100 вопросов – 100 ответов: учеб. пособие для вузов / И.П. Подласый. – М.: ВЛАДОСпресс, 2004. – 365 с.
3. Введение в психологию // Под ред. Петровского А.В., Брушлинского А.В., Зинченко В.П. – М.: Академия, 1997. – С. 107
4. Козлов Н. Психологос // Энциклопедия практической психологии. – Москва: Эксмо, 2015. – С. 72
5. Талызина Н.Ф. Педагогическая психология. Учеб. пособие для студ. сред. пед. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 1998. – 288 с.
6. Семёнова Н.А. Формирование исследовательских умений младших школьников // Дисс. канд. пед. наук. – Томск, 2007. – 203 с.



УДК 372.851

## РАЗВИТИЕ ВАРИАТИВНОГО МЫШЛЕНИЯ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ С ПОМОЩЬЮ РЕШЕНИЯ КОМБИНАТОРНЫХ ЗАДАЧ

Устинова Наталья Владимировна

Учитель математики НИШ ХБН г.Петропавловска  
Петропавловска, Казахстан

**Аннотация:** Применение дифференциации в обучении обусловлено необходимостью учитывать индивидуальные особенности учащихся. При обучении математике логично опираться на уровень математических способностей учеников класса. В статье рассмотрены примеры дифференциации в зависимости от уровня способности к вариативному мышлению при решении комбинаторных задач для учеников 10 класса.

**Ключевые слова:** дифференцированное обучение, математические способности, Lesson Study, вариативное мышление.

По В.А. Гусеву вариативное мышление – это мышление, реализуемое посредством мыслительных операций, направленное на выделение конечных вариантов рассматриваемых явлений и понятий, дальнейшего процесса преобразования числа выделенных выборов в зависимости от субъективного опыта ученика.

Развитие вариативного мышления школьника начинается с определения всех возможных вариантов выбора каких-либо объектов и подсчета количества этих вариантов, чуть позже добавляются задачи на определение расположения объектов в заданном порядке. В начальной школе задания такого типа школьники решают методом прямого перебора, упрощая его с помощью графической интерпретации в виде графов, таблиц, дерева возможных вариантов. Затем объектов становится больше, изобразить все возможные варианты становится невозможно, теперь необходим подсчет оптимальных комбинаций очень большого количества объектов и прогноз результатов этих комбинаций сначала – с помощью правил сложения и умножения для несовместных и совместных выборов, затем – с помощью выбора подходящего комбинаторного соединения. В курсе 9 класса предстоит выбор одного из комбинаторных соединений без повторений, в 10 классе к ним добавляются комбинаторные соединения с повторениями. Кроме того, ученик учится использовать и приемы решения комбинаторных задач: «оптимальность» выбора, «фиксирование» и «склеивание» элементов, подсчет «ненужных» вариантов, выбор простейшего порядка заполнения мест в формируемой комбинации. Чем старше школьники, тем сложнее задачи, и тем не очевиднее выбор комбинаторного соединения и приема решения задачи. Последним этапом усложнения комбинаторных задач является добавление в них элементов теории вероятностей, где изначально необходим подсчет количества комбинаций, подчиненных конкретным условиям.

Работа над развитием вариативного мышления учащихся проводилась в рамках Lesson Study, запланированного для серии уроков математики в 10 классе. Необходимо отметить, что в работе принимали участие не только три учителя математики, но и школьный психолог. Для начала с помощью специально разработанных заданий по математике и диагностических тестов по психологии учитель получил исчерпывающую информацию об уровне развития этой способности у каждого из учеников, о их личностных особенностях, характеристиках темперамента и восприятия.

Приведём примеры математических заданий, использованных для диагностики.

$$\text{Задача 1: } a, b \in Z^+, (2a + 1) \cdot (b - 2) = 24 \Rightarrow a + b = ?$$

Задание взято из YOS. Mathematics 1. – Ankara: METROPOL, 1995. – 566 p.

Очевидно, что при решении данной задачи ученику не пригодятся никакие специальные знания, но вместе с тем он должен будет проявить следующие способности

а. в области комбинаторики: чтобы определить всевозможные разложения на множители числа 24 и учесть, что порядок этих множителей;



b. логическое мышление: для установления того факта, что первый множитель  $2a + 1$  может принимать только нечётные значения;

c. алгоритмическое мышление: для установления порядка выполняемых действий;

d. внимание: необходимо учесть, что задачу нужно решать на заданном множестве целых положительных чисел  $Z^+$ .

*Задача 2:* Цифры 1, 2, 3, 4, 5 расположили в случайном порядке.

(i) Как много различных пятизначных чисел можно составить из этих цифр?

(ii) Найдите вероятность, что составленное пятизначное число

(a) нечётное,

(b) меньше 23000.

Задание взято с ресурса <http://www.xtreme.papers.com>.

Для решения этого задания от учеников потребуется перебор различных вариантов реализации условия, поэтому им необходимо применить логические, алгоритмические и комбинаторные способности.

Результаты входящего контроля на определение показателей уровня вариативного мышления учащихся были выражены в баллах и зафиксированы. Следующим этапом исследования урока стала организация внутри-классной дифференциации, за счет которой планировалось повысить эффективность проводимых уроков и, как следствие, развить вариативное мышление. Для этого была выбрана дифференциация заданий по объёму учебного материала. Этот вид дифференциации предусматривает помимо основного задания дополнение к нему. Выполнение основной части обязательно для учеников всех групп, а вот добраться до дополнительных заданий смогут только те ученики, темп работы которых достаточно высок, как правило это ученики групп с высоким уровнем развития соответствующей математической способности. Для реализации такого вида дифференциации применяют структурированные многоуровневые задания, в каждом следующем пункте таких задач условие видоизменяется, либо дополняется, нередко при выполнении дополнительной части можно использовать результаты, полученные на предыдущих шагах решения.

Приведем пример структурированного задания на развитие вариативного мышления с использованием дифференциации по объёму учебного материала.

*Задача 3:* Тест состоит из 4 вопросов по алгебре A, B, C, D и 4 вопросов по геометрии G, H, I и J. В экзаменационном бланке все вопросы перемешаны и расположены в случайном порядке.

(i) (a) Как много вариантов теста с различным порядком вопросов можно составить?

(b) Как много вариантов теста можно составить так, чтобы никакие два вопроса по алгебре и никакие два вопроса по геометрии не стояли рядом?

Для сдачи экзамена второму потоку студентов вопросы теста разделили на две группы, теперь в бланке сначала расположены все вопросы по алгебре, затем все вопросами по геометрии, а внутри каждой группы они перемешаны в случайном порядке.

(ii) (a) Как много вариантов такого теста можно составить?

(b) Сколько различных вариантов теста в этом случае можно составить так, чтобы вопросы A и H находились рядом?

(c) Сколько различных вариантов теста в этом случае можно составить так, чтобы вопросы B и J были разделены более чем четырьмя другими вопросами?

Задание состоит из двух смысловых частей, во второй части условие изменилось, теперь для его решения от учеников потребуется перебор различных вариантов реализации условия и выполнение более сложных рассуждений. Обязательной к выполнению всеми учениками класса является первая часть задания, вторую часть смогут решить только ученики с высоким уровнем развития вариативного мышления.

Обратим внимание на рисунки, на них изображен скриншот решения этой задачи одним из десятиклассников. Можно заметить, что для лучшего понимания условия задачи и перебора всех вариантов реализации ее условия ученик воспользовался схематической записью, это говорит о развитии у него образном мышлении. Эти иллюстрации являются ярким примером




возможности использования высокого уровня развития одной способности ученика для усиления других менее развитых способностей. Это может происходить на интуитивном уровне во время поиска способа решения задачи, как произошло в продемонстрированном примере. Но эффективней, если учитель будет преднамеренно руководить этим процессом и попросит учеников класса разработать схему расположения экзаменационных билетов при решении обеих частей задания.

### Задания для совместного решения

3. Для сдачи экзамена второму потоку студентов вопросы теста разделили на две группы, теперь в бланке сначала расположены все вопросы по алгебре, затем все вопросами по геометрии, а внутри каждой группы они перемешаны в случайном порядке.

(ii) (a) Как много вариантов такого теста можно составить?

$$P_4 \cdot P_4$$



[2]


(b) Сколько различных вариантов теста в этом случае можно составить так, чтобы вопросы А и Н находились рядом?

$$P_3 \cdot P_3$$



[1]

(c) Сколько различных вариантов теста в этом случае можно составить так, чтобы вопросы В и J были разделены более чем четырьмя другими вопросами?



[3]

Для статистической обработки результатов, полученных в ходе Lesson Study, был использован критерий Манна-Уитни, приемлемый для малых выборок, которой и являются ученики одного класса.

№	Контрольная группа учащихся до использования дифференциации по объему учебного материала		Контрольная группа учащихся после использования дифференциации по объему учебного материала	
	Показатель вариативного мышления	Ранг	Показатель вариативного мышления	Ранг
1	2	3	4	5
1	14	12	17	20,5
2	9	2,5	19	26,5
3	15	14	18	23
4	16	17,5	15	14
5	12	7,5	20	31
6	12	7,5	16	17,5
7	18	23	22	36,5
8	20	31	21	34,5
9	11	5,5	19	26,5
10	7	1	16	17,5
11	9	2,5	16	17,5
12	19	26,5	20	31
13	11	5,5	23	38
14	13	10	20	31
15	13	10	15	14
16	13	10	17	20,5
17	20	31	19	26,5
18	10	4	18	23
19	22	36,5	21	34,5
Суммы		257,5		483,5



Общая сумма рангов:  $257,5 + 483,5 = 741$ .

$$\text{Расчетная сумма: } \sum R_i = \frac{N \cdot (N + 1)}{2} = \frac{38(38 + 1)}{2} = 741.$$

Равенство реальной и расчетной суммы соблюдено.

Очевидно, что по показателю уровня вариативного мышления более «высоким» рядом оказывается группа учащихся после использования дифференциации по объему учебного материала. Именно на эту выборку приходится большая ранговая сумма: 483,5. Теперь можно сформулировать гипотезы.

$H_0$ : Группа учащихся до использования дифференциации по объему учебного материала не превосходит группу учащихся после её использования по уровню развития вариативного мышления.

$H_1$ : Группа учащихся до использования дифференциации по объему учебного материала превосходит группу учащихся после её использования по уровню развития вариативного мышления.

Определим эмпирическую величину  $U$ :

$$U_{эмп} = 19 \cdot 19 + \frac{19(19 + 1)}{2} - 483,5 = 67,5.$$

По специальной таблице определим критические значения критерия для соответствующего  $n = 19$ :

$$U_{кр} = \begin{cases} 123 (p \leq 0,05); \\ 101 (p \leq 0,01). \end{cases}$$

Так как  $U_{кр} > U_{эмп}$ , то  $H_0$  отклоняется, принимается  $H_1$  на уровне значимости 0,01. На основании обработки статистических данных можно сделать вывод, то процесс обучения математике, построенный на основе использования дифференциации по объему учебного материала, способствует повышению уровня развития вариативного мышления.

#### СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ:

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011 – 2020 годы. <https://nao.kz/blogs/view/2/105>. 10.04.2022.
2. Жунисбекова Ж.А. Дифференцированное обучение учащихся // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2015. – № 11-5. – С. 748 – 751.
3. Tomlinson C. The Differentiated Classroom: responding to the Needs of All Learners. – Alexandria: ASCD, 1999. – 132 p.
4. Крутецкий В.А. Психология математических способностей школьников. – М.: Институт Практической Психологии, 1998. – 416 с.
5. Гусев В.А. Психолого-педагогические основы обучения математике. – М.: Вербум-М, Академия, 2003. – 432 с.
6. Попова В.Г. Основы развития комбинаторно-логического мышления старшеклассников // Наука и школа. – 2010. – № 6. – С. 101 – 104.



## ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ЖАҢА ОҚУ ПЛАТФОРМАЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ.

**Абдираманова Казипа Тулегеновна, Ахметова Ғалия Ибрагимовна**

Мұхтар Әуезов мектебі,  
Жамбыл облысы, Қазақстан

***Аннотация:** Бұл мақалада физика-математика сабақтарында жаңа оқу платформаларын қолданудың оңтайлы жолдары қарастырылған. Сабақтарда жаңаша әдіс-тәсілдері бар тапсырмалар түрлері күрделеніп, спиральдық бағытпен беріледі. Білім беру платформаларында оқушы үшін өте қолайлы орта сақтай отырып, сабақты жеңілден күрделіге қарай құрылуды басшылыққа алып, берілген тапсырманы сыни тұрғысынан ойлану, зерттеу, жұмыстары жүргізілген. Сабақ сайын оқушы физикада, алгебрада ой қозғау, немесе түрткі жасау, сабақты түсіну ережелерді өздері шығару, оны қолдану кезінде деңгей бойынша есептер шығара отырып, түрлі тапсырмалар орындау жұмыстары жүргізілгендіктен, оны оқу платформасында орындау оқушы қызығушылығын арттырып қана қоймай, АКТ қолдану арқылы көп оқушылардың деңгейі көтерілуге ықпал етілетіні дәлелдермен келтірілген.*

***Тірек сөздер:** платформа, алгебра, физика, АКТ, сыни ойлау, әдістер, сабақ, рефлексия.*

Қазіргі оқулықтар жаңартылған білім мазмұнымен құрылған. Сабақты бастамас бұрын, физика-математика сабақтарында ой қозғау, немесе түрткі жасау, сабақты түсіну ережелерді өздері шығару, оны қолдану кезінде деңгей бойынша есептер шығара отырып, түрлі тапсырмалар орындау жұмыстары жүргізіліп, оны оқу платформасында орындау оқушы қызығушылығын арттырып қана қоймай, АКТ қолдану арқылы көп оқушылардың деңгейі көтерілуге ықпал етіледі. Сабақтарда зерттеушілік әңгіме яғни (Мерсер) әдісін қолданғанда оқушылардың зерттеушілік қабілеті байқалды. Есеп шартын оқып, оның шешу жолдарын бірлесе талқыланады. Осы жерде алынған мәліметтерді ой елегінен өткізіп, ақпараттар арқылы интерпретация жасау арқылы шешу жолдарын анықтап, бірлесе отырып, есептерді шығаруға бағыттау сабақ нәтижесінің бір көрінісі болып табылады. Орындаған тапсырмалар түрлі платформалардан көрген немесе ұқсас тапсырмалар беру арқылы, оқушының деңгейі бойынша берілген тапсырмалар жинағы қызығушылығы артып, өзіне деген сенім пайда болады. Жүйелі берілген тапсырмалар білім беруші бойында өзіндік мақсат қалдыра отырып, ынталандыруға бағыттайды. Оқушылар өздерінің жұмыстарына тиісті немесе тиімді логикалық тұрғыдан қорытынды жасай білуіне ықпал етеді. Оқушының білім алуына жаңа жағдай тудыру үшін өмірмен байланыстыратын неге, не себепті деп сұрақ қоюға, іс қозғауға шақырып, көп алдынан түспейтін еркін бір сұрақ арқылы немесе Блум токсономиясын қолдану арқылы қаншалықты білім алушының даму деңгейінің өсуіне, білім нәрімен сусындауына көп көмек болғанын төменде өтілген сабақтардан көреміз. Сабақтағы стратегиялар арқылы жеке, жұппен, топпен тапсырмалар беріледі. Сөйтіп, білімленді оқу платформасына ену арқылы оқу алдындағы еске түсіре отырып, оқушыларға ұсынылса, онда орындаған кезде тапсырмалар бірталай жеңіл болды.

Бұл жұмыстардың бәрі функционалдық сауаттылықты арттыруға, шығармашылық тапсырмаларды молайтуға, дұрыс жазуға үйретеді. Оқу мақсаттарын зерделей отырып тапсырмалар беру, сабақтарда жүйелі құрастыру барысында балл қою арқылы жүзеге асатынын көріп отырмыз. Осы орайда жаңа тақырыптарды меңгеру барысында ерекше есте қалған мына әдіс-тәсілдер сабақтың тиімді өтуіне әсер етіп, оқушы бойында физика - математикаға қажетті дағдыларды қалыптастыруға ықпал ететіні сөзсіз: «Қабырғадағы



роль», «Пікірлер сызығы», «Саналылық аллеясы», «5 сұрақ, 5 жауап», «5 қадам», «Драма әдісі», «Маңыздылық аймағы», графикалық органайзерлер – «Дара диаграмма», «Қос диаграмма», «Оқиға тауы», «Хикая картасы», «Стоп кадр», «Tarsia» ойындары арқылы көруге болады.

Оқушылар ХХІ ғасырларда қарқынды жаһандану дәуіріне үлес қосатын, сондай-ақ ұлттық экономикаға ықпал етуге әсер ететін мамандықтардың бәрінде физика-математикалық ойлауды қалыптастыратын ұрпақ дайындау бүгінгі күннің міндеті деп білемін.

Физика сабағында қолданылған платформалар :Padlet.com арқылы Үй тапсырмасын тексеру.1 / «Сәйкестігін тап /

1.Молекулалар үлкен жылдамдықпен қозғалады	А.Қатты дене
2.Дене пішінін де, көлемін де сақтайды.	
3.Атомдар тепе -теңдік қалпын сақтай тербеледі.	В.Сұйық
4.Молекулалар арақашықтығы молекула өлшемінен көп	
5.Молекулалар бір орыннан екінші орынға периодты түрде секіріп тербеледі	С. Газ
6.Дене пішінін сақтамайды, бірақ көлемін сақтайды	

#### Көлеңкелі шарлар .



Шарлардың әрқайсысы 36 центтен тұрады және алмадан сәл үлкенірек бір шардың диаметрі 10 см. Қара түс ультракүлгін сәулелерді тиімді шағылдырады. Қазіргі уақытта олар Юппер Стоун қаласының маңындағы Элизиан және Иванхо су қоймаларын толтырған. Бұл су қоймасында 20 млн. литр су бар. Шарлардың көмегімен булану қарқындылығын 85-90%-ға төмендетуге мүмкіндік туды. Лос-Анджелес судың сапасын бақылаудың бұл әдісін қолданған алғашқы қала болды. Ресми ақпаратқа сәйкес 96 млн

шарлар 1 жыл ішінде буланудан 8100 адамды бір жыл бойына бойына қамтамасыз етуге жететін су көлемін үнемдеуге мүмкіндік береді.

( $\rho_{\text{ауа}} = 1,3 \frac{\text{кг}}{\text{м}^3}$ ,  $\rho_{\text{су}} = 1 \frac{\text{г}}{\text{см}^3}$ ,  $\pi = 3,14$ ; су  $M = 18 \cdot 10^{-3}$  кг/моль, ауа  $M = 29 \cdot 10^{-3}$  кг/моль,  $N_A = 6 \cdot 10^{23}$  кг/моль,  $k = 1,38 \cdot 10^{-23}$  Дж/моль·К)



1) Шарларды қолдану себебі .

- А) Судың қысымын кеміту үшін      В) Судың температурасын тұрақты ұстау үшін  
С) Судың қысымын арттыру үшін      D) Судың булануын азайту үшін  
Е) Судың булануын көбейту үшін      F) Судың тығыздығын қалыптастыру үшін  
G) Судың массасын көбейту үшін      H) Суды күн сәулесінен қорғау үшін

2) Осы шарлардың 80 % ауамен ,ал 20% сумен толтырылған. Зат мөлшерін есептеңіз



- 3) Шардағы заттардың молекулалар санын анықтаңыз
- 4) Бір шардың көлемін анықтаңыз
- 5) Шар ішіндегі зат үшін молекулалар концентрациясын есептеңіз
- 6) Шар температурасы  $40^{\circ}\text{C}$  дейін қызса, шар ішіндегі ауа молекулаларының жылдамдығын анықтаңыз
- 7) Бір шардың қысымын есептеңіз.
- 8) Су бетіндегі барлық шардың қысымын есептеңіз.

Дескриптор :1.Көлеңкелі шарлардың қолданылу себебін анықтайды

2. а) шардағы заттар үшін орташа тығыздықты табады
- б) шардағы заттардың массасын есептейді
- в) заттардың мольдік массалары арқылы зат мөлшерін есептейді
- 3.Зат мөлшерінің формуласы арқылы, заттардың молекула санын есептейді
- 4.Бір шардың көлемін табады
- 5.Молекулалар концентрациясын есептейді
- 6.Шар ішіндегі ауа молекулаларының жылдамдығын есептейді
7. а)молекула кинетикалық теорияның негізгі теңдеуін қолданады

Математика сабағында қолдану.Дескрипторды оқушылар өздері құрастырады.



Жоба қорғайды.Оқушылар дайындап әкелген фигураларды топтар бір біріне алмастырады.Практикалық жұмыс.фигурлар таратып беріледі (В деңгейінің есептері) Кім тапқыр.(А;Вдеңгейлік тапсырмалар)

I топ Ромбының ауданы  $28\text{ см}^2$ , ал бір қабырғасы 7 см. Ромбының биіктігін табындар

II топ Ромбының бір қабырғасы биіктігінен 3см артық, ал ауданы  $10\text{ см}^2$ . Ромбының қабырғасын анықтаңдар.

III топ Диагональдары 6 см және 8 см болатын ромбының ауданын табыңыз.

Пиза тапсырмалары.Тік төрт бұрыштың ауданы  $144\text{ см}^2$ .Берілген тік төрт бұрыштың периметрі қандай?а) 12 см **b) 48 см** с) 288 см d) 576 см

Рефлексия. *Мақсаты:* Өз ойын айтып, сабақты бекіту, қорытындылау.

*Тиімділігі:* Оқушы алған білімін жинақтап, саралай білуге дағдыланады.

*Саралау:* Бұл тапсырмада саралаудың «Қорытынды» тәсілі көрініс табады.

Оқушылар бір-бірінің сабаққа қатысу белсенділігіне қарай «Мадақтау сөздері» әдісі арқылы бірін-бірі бағалайды. *Жарайсың!, Керемет!, Жақсы!, Талпын!.*

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Астана -2016
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі ) деңгей 2012 ж
3. «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы Тренерге арналған нұсқаулық. 2016 ж.





## ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІ

**Сандыбаева Әдемі Маратқызы**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
«Математика, физика және информатиканы оқыту әдістемесі»  
кафедрасының 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші - PhD, аға оқытушы Қырықбаева Әсем Ақылшақызы  
Алматы, Қазақстан

***Аңдатпа.** Пәнаралық байланыстар жалпы білім беретін мектепте физиканы оқыту процесінде оқу мотивациясын қалыптастыру құралы ретінде қарастырылады. Физика-жалпы табиғат туралы ғылым. Ол материя мен энергияны, сонымен қатар материяның қозғалысын басқаратын табиғаттың іргелі өзара әрекеттесуі. Физика кейде басқа жаратылыстану ғылымдары (биология, геология, химия т.б.) сияқты "іргелі ғылым" деп аталады. Олар тек заңдарға бағынатын материалдық жүйелердің белгілі бір классын сипаттайды. Ғылым пәнаралық байланыстың дамуының кезеңі өсіп келе жатқанымен сипатталады. Соңғы жылдары бионика ғылымы пайда болды, ол тірі организмдерді зерттеудегі инженерлік-техникалық мәселелерді шешуде физика, биология, психология, математика, радиоэлектроника және т.б. ақпараттарды пайдаланатын ғылым түрі.*

***Тірек сөздер.** Пәнаралық байланыс, энергияның сақталу заңы, бионика, органика, температура.*

Жалпы орта мектептерде пәнаралық байланыс физиканы оқыту процесінде пәннің объективті көзқарасы да көрініс табады. Бұл тек ғылыми принциппен ғана емес, сонымен бірге жалпы орта мектептің физика курсының алдында тұрған міндеттер ретінде талап етіледі. Пәнаралық байланыс- жалпы білім беретін мектептердегі пәндер өзара байланысты және өзара тәуелді түрде академиялық пәндерді зерттеуде көрінетін дидактикалық категория [2]. Педагогикалық әдебиеттерде "пәнаралық байланыстар" категорияларының 30-дан астам анықтамалары бар, оларды педагогикалық бағалаудың әртүрлі тәсілдері мен әртүрлі жіктелімдері бар.

### **Пәнаралық байланыс қамтамасыз етеді:**

- ұғымдарды қалыптастыруға негізделген реттілік;
- білімге, дағдыға, біліктілікке қойылатын талаптардың бірлігі;
- алған білімдерін басқа жаратылыстану ғылымдарын зерттеуде, зерттеу барысында пайдалана білу;
- білім беру параметрлерінің мазмұнындағы негізсіз қайталануларды жою;
- әр түрлі пәндерде қолданылатын әдістердің ортақтығын көрсету (жалпылау білімі);
- әлемнің бірлігін көрсететін табиғат құбылыстарының өзара байланысын ашу;
- студенттерді заманауи технологияларды меңгеруге дайындау.

Пәнаралық байланысты хронологиялық тұрғыдан байланыс және ақпараттық байланыс деп жіктеуге болады [6]. Хронологиялық байланыстар пәндердің уақыт бойынша дәйекті түрде әр пәннің қажеттіліктерін оқытылуын қамтамасыз етеді. Ақпараттық коммуникация әр түрлі пәндерді оқытуда қарастырылатын фактілер мен ұғымдарды түсіндірудің бірлігінде көрінеді.

### **Пәнаралық қарым-қатынас тәсілдері:**

- алған білімдерін басқа пәндерді оқуда қолдану;
- күрделі эксперименттік жұмыстарды орындау;
- кешенді экскурсиялар жүргізу.



### **Физиканы математикамен байланыстыра оқыту**

Қазіргі таңда физика мен математика тығыз байланыста дамуда. Математика тек физиканың тілі ғана емес, сонымен қатар ойлау мен логиканың тілі. Математикалық әдістер физикада тәжірибелік материалдарды өңдеуде де, табиғат сырына тереңірек енуге мүмкіндік беретін теорияларды жасауда да кеңінен қолданылады. Өз кезегінде физика математиканың дамуына айтарлықтай әсер етеді. Физика мен математика курстарының пәнаралық байланысы осы пәндердің әрқайсысын оқытудың ғылыми деңгейін көтеруге көбірек мүмкіндіктерді қамтиды, сондықтан пәнаралық байланыс олардың арасында оқудың басынан бастап қажет.

Жалпы орта білім беретін мектеп оқушыларының өлшеу дағдыларын қалыптастыруда, математика пәні мұғалімі ұзындық шкаласы, уақыт, масса, температура, өлшеу құралдары, қозғалыс жылдамдығы туралы бастапқы ақпаратты ескеруі керек [3]. Ғылыми, оқу және әдістемелік әдебиеттерде физикалық өлшем ұғымының әртүрлі анықтамалары берілген. Дегенмен, барлық анықтамалар үшін екі жалпы белгілерді ажыратуға болады.

Физика мен математика арасындағы байланыстың маңызды түрі физикалық мазмұны бар математикалық есептерді шешу болып табылады. Бірыңғай әдістемелік көзқарас пен талаптарды әзірлеу үшін осы мәселелердің мазмұны мен оларды шешу әдістері қажет математика мұғалімі мен физика пәнінің мұғалімімен келісіледі. Бұл жағдайда физикалық шамалардың бірліктерін анықтау арқылы оқушылардың амалдарды орындау қабілетін дамытуға көңіл бөлу керек.

Физика сабақтарындағыдай, математика сабақтарында да математикалық және физикалық шамалардың бірдей анықтамасына, теорияларға, графикалық материалдарға, ережелердің бірдей редакциялануына және бірдей болуына, және білімдерді рәсімдеуге қойылатын талаптар болуы қажет.

### **Физиканы химиямен байланыстыра оқыту**

жауапкершілігі мен өзгелерге достық, ар намыс сезімдерінің оянуы ата-ана тәрбиесінің ықпалы, ата-ана және басқа ересектер өскелен буынға тек жеке бастарының өнегесі мен, іс әрекеттерінің үлгісімен ықпал жасайды. Бір кездері экономикалық қызмет ең негізгі болып қаралып, отбасы мүшелерінің дене жағынан дамуы, сау қалу жақтары қарастырылды. Өндірістік төңкерістің арқасында, технология дамып және экономикалық қызметте әлеуметтік талабына сай әлеуметтік – психологиялық қызмет өз рөлін айтарлықтай көтерді. Қазіргі уақытта көптеген отбасылар экономикалық тұрғыдан күн көрісіне қарағанда, бір-біріне психологиялық қолдау көрсетуді өздерінің негізгі міндеттері деп санайды. Балалар мен ата-аналар қарым-қатынасы шетелдік және отандық психологияны зерттеудің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Бала-ата-ана қарым-қатынасы-бұл балаға деген әртүрлі сезімдер жүйесі, онымен қарым-қатынаста қолданылатын мінез-құлық стереотиптері, сондай-ақ баланың мінезі мен жеке басын, оның іс-әрекеттерін қабылдау, түсіну ерекшеліктері. Көптеген психологиялық мектептер мен бағыттар өкілдерінің еңбектерінде онтогенетикалық дамудың әртүрлі кезеңдерінде қалыптасқан "ата-аналар-балалар" жүйесіндегі қатынастардың ерекшелігін түсіндіретін заңдылықтар мен механизмдер ашылды. Ата-аналар мен балалардың өзара әрекеттесу процесінде адамгершілік нормалары мен ережелерінің негіздері, бірлескен іс-әрекет дағдылары қаланады, дүниетаным, құндылық бағдарлары, өмірлік жоспарлар мен идеалдар қалыптасады.

Ф. Райс пен К. Долджин [2] әр түрлі авторлардың жасөспірім кезіндегі баланың қалыпты дамуы үшін қажетті отбасылық қатынастардың ерекшеліктерін келтіреді: ата-аналардың қызығушылығы мен көмегі; ата-аналардың тыңдау, түсіну және жанашырлық қабілеті; ата-аналардың сүйіспеншілігі және отбасылық қатынастардағы жағымды әсерлер; ата-аналардың мойындауы мен мақұлдауы; балаға деген сенім; ата-аналарға деген көзқарас; бала тәуелсіз және ересек адам ретінде; ата-аналардың басшылығы. Ең функционалды-бұл ата-аналар өздерінің көзқарастары мен мінез-құлқында икемділік, бейімделу және төзімділік танытатын отбасылар, ата-аналардың жеке, жақсы үлгі көрсете білу, балаларға үйретілген принциптерді ұстану.

Баланың мінезін және оның жасөспірім кезіндегі мінез-құлқының ерекшеліктерін қалыптастыратын негізгі факторлардың бірі-қарым-қатынастың мәртебелік-рөлдік құрылымы, атап айтқанда әке мен ананың рөлі. Дәстүр бойынша, қалыптасу процесінде негізгі рөл баланың жеке басының негізгі белгілері анаға тиесілі деп саналады. Алайда, жасөспірім кезінде әкесі баланы анасынан бөлуге және оның тәуелсіздігін қалыптастыруға ықпал ететін әлеуметтік тұлға. И. В. Черепанова және О. А. Черепанов [3] жасөспірім кезінде жеке тұлғаның дамуында, баланың мінезінің қалыптасуында (оның ішінде акцентуацияларда) қарама-қарсы жыныстағы ата-анамен қарым-қатынас маңызды фактор болып табылады деп болжайды. Бұл эксперименталды түрде расталды, "ана-ұл" үлгісінде қарама-қарсы жыныстағы ата-ананың оларға деген қарым-қатынасының әртүрлі стильдері бар жасөспірімдерде мінез-құлық екінінде айырмашылықтар бар. Осылайша, аналары кооперация түріндегі аналық көзқараспен салыстырғанда симбиотикалық көзқарасқа бағытталған жасөспірім ұлдар эмоционалды, сезімтал, әсерлі және жие мазасызданады. М.А. Фризен мен А. А. Яниктің [4] жасөспірімдердің жеке автономиясына арналған зерттеуінде жасөспірімдердің ата – аналармен қарым-қатынасын субъективті бағалаудың негізгі параметрлері оның жалпы позитивтілігімен теңдік, қабылдау және өзара сыйластық, ал салыстырмалы негативтілігімен түсіну екендігі анықталды. Өзара іс-қимылдың ашықтығы жеке автономияның қалыптасуын айтарлықтай анықтайтын ата-аналар мен балалар арасындағы өнімді қатынастарды орнатудың негізгі шарты болып табылады. Ата-аналармен қарым-қатынасты оң субъективті бағалайтын жасөспірімдер психологиялық кеңістіктің егемендігі және өмір процесінде өзіне сенім арту сияқты жеке автономияны қалыптастырудың ресурстарын айқынырақ көрсетеді. Ата-аналармен қарым-қатынасты теріс субъективті бағалауы бар жасөспірімдерде олардың тарапынан қабылдау тапшылығы, аз қалыптасқан жеке автономия және психологиялық кеңістік шекараларының жетіспеушілігі байқалады. Осылайша, зерттеу нәтижелері бойынша ата-аналардың қабылдауы мен құрметтеуі жасөспірімнің жағымды қарым-қатынасын қалыптастырудың, өзіне және жеке автономияға сүйенудің маңызды шарты болып табылады деген қорытындыға келді. Балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынастың бұзылуы психологиялық проблемалардың кең спектрін



тудырады, көбінесе жеке тұлғаны қалыптастыру процесін, жасөспірімнің әлеуметтік бейімделуін және тұтастай алғанда оның кейінгі өміріндегі психологиялық әл-ауқатын деформациялайды. Қазіргі қарастыратын осындай мәселелердің толық емес тізіміне жеке дәрменсіздік, депрессия, жалғыздық, жәбірленушінің әртүрлі формалары (мысалы, буллингке икемділік) және аутоагрессивті мінез-құлық кіруі керек. Жасөспірімдердің жеке дәрменсіздігін қалыптастырудағы ерекше рөл отбасылық тәрбие стиліндегі бұзушылықтарға жатады. Д. А. Циринг жеке дәрменсіздікті анықтайтын тәрбие стильдерін анықтады. Э. Г. Эйдемиллер мен В. В. Юстицкистің [5] классификациясына сәйкес отбасылық тәрбиенің мұндай стильдері басым гиперпротекция, моральдық жауапкершіліктің жоғарылауы, қатыгездік және қарама-қайшы тәрбие стилі болып табылады. И. В. Пономарева [6] жасөспірімдердің жеке дәрменсіздігі туралы бірқатар зерттеулердің деректерін қорытындылай келе, отбасылық тәрбиенің әртүрлі стильдерінде жеке дәрменсіздіктің әртүрлі функциялары азды-көпті өзекті болады деген қорытындыға келді. Сонымен, басым гиперпротекциямен жасөспірімдегі жеке дәрменсіздік манипуляциялық функцияны орындайды, ата – аналардың моральдық жауапкершілігі мен қатыгездігі жоғарылайды-бейімделу функциясы, ал қарама-қайшы тәрбие стилі жеке дәрменсіздіктің қорғаныс функциясын өзектендіреді. Эмоционалды қатынастардың нашарлауының бастамашылары ата-аналар деп болжауға болмайды. Олар балаларына эмоционалды түрде бас тартуы мүмкін, бірақ содан кейін бұл ерекше түрдегі қарым-қатынас болады, негізінен жас кезінен бастап қалыптасады және жеке проблема тудырады. "Ересектік сезімін" білдіретін жасөспірімдер проблемаларында біз жасөспірім кезіндегі қарым-қатынастың күрт өзгеруі туралы айтып отырмыз. Жасөспірімнің әлеуметтік есеюін дамыту болашақ өмірге даярлау үшін қоғамдық тұрғыдан қажет. Мұның өзі күрделі процесс, уақытты талап етеді және жасөспірім ересектерге арналған нормалар мен талаптар жүйесінде өмір сүре бастаса мүмкін болады; ал бұл дербестікті қажетті әрі міндетті түрде арттырумен, міндеттер мен праволарды ұлғайтумен байланысты. Тек осындай жағдайда ғана жасөспірім ересектерге іс-әрекет етуге, ойлауға, алуан түрлі міндеттерді орындауға, адамдармен қарым-қатынас жасауға үйрене алады. Нақ осы себептен де жеткіншекті тәрбиелеу міндеті ересектермен қарым-қатынастардың бұрынғы типін жаңамен ауыстыруды талап етеді. Тұлғаның дамуы өзінің бастауын отбасынан алатыны белгілі. Отбасы одан әрі де адамның жеке басының негізгі салаларын қалыптастырудың барынша маңызды ортасы болып қала береді. Эмоционалды байланыстың нашарлауы жасөспірімдердің ата-аналарына деген көзқарасының өзгеруінен туындайды. Қорқыту сияқты кең таралған әлеуметтік құбылыс отбасылық қатынастармен де тығыз байланысты. Н.С. Бобровникова [7] жасөспірімдер мен ата-аналардың қарым-қатынасын әлеуметтік-жеке ресурс және қорқытудың алдын алудың негізі ретінде қарастырады. Деректерді статистикалық талдау барысында балалар мен ата-аналардың тиісті қарым-қатынастары кезінде агрессивтіліктің орташа деңгейі, сондай-ақ интеллектуалдық қабілеттердің орташа немесе жоғары деңгейлері қалыптасатыны анықталды. Жасөспірімнің қабілеттерін жоғары бағалайтын, оның бастамашылығын ынталандыратын ата-аналар агрессивтілік көріністерінен бас тартуды қалыптастырады, бұл өз кезегінде "жәбірленуші" позициясының қалыптасуына әкелуі мүмкін, бірақ агрессивтіліктің жоғары деңгейімен жоғары кооперацияға тәуелділік бар, бұл "агрессор" позициясының қалыптасуына әкелуі мүмкін. Осылайша, ата-аналар тым жоғары бағалайтын жасөспірімдер агрессияның бастамашысы бола алады немесе керісінше арандатуы мүмкін. Авторитарлық гиперсоциализацияның жоғары және төмен деңгейлері жасөспірімдердің академиялық қабілеттерінің орта деңгейін қалыптастыруға оң әсер етеді, ал ата-аналардың жасөспірімнің дәрменсіздігі мен немқұрайлылығына деген сенімі төмен интеллектуалды қабілеттерді қалыптастырады, бұл өз кезегінде жоғары агрессивтіліктің қалыптасуына ықпал етуі мүмкін. Жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының қалыптасуы мен дамуын анықтайтын факторлардың бірі-отбасылық қатынастар. Жасөспірімдік шақ отбасындағы қолайсыз эмоционалды микроклимат салдарынан уақтылы диагноз қойылмаған суицидтік мінез-құлыққа бейімділікпен физикалық кемшіліктер мен өзіндік психикалық кемшілік идеялары аясында пайда болатын депрессиялық күйлердің дебюттерінің үлкен жиілігімен сипатталады. В. К. Абдуллаеваның зерттеген мәселесі [8] ата-ана тәрбиесі





стильдерінің жасөспірімдерде суицидтік тенденциялардың қалыптасуына әсерін. Өлеуметтендірілген мінез - құлықтың бұзылуының диагностикалық критерийлері бар жасөспірім пациенттерді зерттеу барысында жасөспірімдердің көпшілігі (72%) дисфункционалды отбасылық қатынастары бар отбасылардан екендігі анықталды. Сонымен қатар, демонстрациялық-шантаждық және манипуляциялық сипаттағы суицидтік тенденциялар "берекелі" деп аталатын отбасылардан шыққан, жақсы материалдық байлығы бар, бірақ ата-аналармен тұлғааралық қарым-қатынасты бұза отырып, толық эмоционалды иеліктен шығару жағдайында өсіп келе жатқан жасөспірімдердің 28% - анықталды.

Жанжалды жағдайлардың ең типтік түрлері:

1. Эмоционалды бас тарту. Көбінесе эмоционалды бас тарту ата-ананың жасөспірімге немқұрайлылығымен, оның ішкі өміріне аз көңіл бөлуімен көрінуі мүмкін. Эмоционалды бас тарту сезімтал, терең сүйіспеншілікке қабілетті жігіттер үшін ең үлкен қауіп болып табылады. Олар қатыгез азапты сезінуі мүмкін-терең депрессияға, депрессияға, өмір сүргісі келмеуге дейін. Эмоционалды бас тартудың және жақындарының назарында болуға дағдыланған және кенеттен оны жоғалтқандар үшін бірдей қолайсыз салдары: әкесі қайтыс болды, өгей әкесі отбасына келді, басқа бала пайда болды т.б.

2. Эмоционалды құмарлық. Мұндай отбасыларды ерекшеліктердің бірі: бала - ересектердің бүкіл өмірінің орталығы. Мұндай тәрбие отбасының пұтына ұқсас тәрбие деп те аталатыны кездейсоқ емес. Мұндағы балаға қойылатын талаптар көбінесе минималды, ең жақсы жағдайда олар ілімге байланысты міндеттермен шектеледі. Тыйымдар жұмсақ. Әрқашан және барлық жағдайда ата-ана бақылауы махаббат патронатына жол береді. Пұтқа қамқор бола отырып, ата-аналар көптеген абайсыздықтар жасайды: олар оны құрдастарының арасынан ажыратады, "қылмыскерлерден" айқын қорғайды, оның эксклюзивтілігі мен осалдығын атап көрсетеді. Бірақ қазіргі өмірдің қатал күндері бәрін өз орнына қояды, содан кейін жасөспірім жанжалды жағдайлар туындайтын мүлдем басқа жағдайға тап болады.

3. Авторитарлық бақылау. Тәрбие эмоционалды құмарлықта ата-ананың беделі алдыңғы қатарға шығатын әдіспен жүреді. Авторитарлық ата-аналар жасөспірімнің даралығымен аз саналады. Жұмсақ патронаттың орнына мұнда қатаң бақылау, мінез-құлықты қатаң реттеу қолданылады. Негізгі білім беру желісі ата-аналық қысымның көптеген нұсқаларында көрінеді.

Әрине, мақалада ата-аналардың жасөспірім балалармен қолайсыз қарым-қатынасы негізгі көзі болып табылатын мәселелердің барлық ауқымы толық көрсетілмейді, бірақ ол тіпті мәлімделген зерттеу тақырыбының өзектілігі мен практикалық маңыздылығы туралы түсінік береді деп сенімдіміз.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Л.С.Выготский. Мышление и речь. Проблемы психологического развития ребенка. Избранные педагогические исследования. — М: АПН, 1956
2. Ф. Райс. К. Долджин. Издательский текст [http://www.litres.ru/pages/biblio\\_book/?art=4239205](http://www.litres.ru/pages/biblio_book/?art=4239205)
3. И. В. Черепанова, О. А. Черепанов. Основы психологической помощи [Электронный ресурс] : курс лекций / И. В. Черепанова, О. А. Черепанов. – Электрон. дан. – Могилев : МГУ имени А. А. Кулешова, 2015.
4. М.А. Фризен, А. А. Яникт. «Психология саморазвития»; М-во образования и науки Российской Федерации, ФГБОУ ВПО "Камчатский гос. ун-т им. Витуса Беринга"
5. Э. Г. Эйдемиллер, В. В. Юстицкис. Библиотека\_психолога@psiheya2128 «Психология и психотерапия семьи» Четвертое издание монографии
6. И. В. Пономарева. [https://vk.com/wall-191341164\\_14120](https://vk.com/wall-191341164_14120)
7. Н.С. Бобровникова. <https://moluch.ru/archive/116/31371/>
8. В. К. Абдуллаева. Пандемия и психическое здоровье детей и подростков. 2020



ОӘЖ 372. 212.3

## БАЛАБАҚШАДАҒЫ ЕРТЕҢГІЛІКТЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

**Кенжетаева Айина Кобегеновна,  
Айтмагамбетова Айдана Сериковна**

Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенттері

**Кошкимбаева Раиса Халыковна**

Ғылыми жетекші: педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы-сарапшы

Павлодар, Қазақстан

***Аннотация:** Бұл мақалада балабақшада ертеңгіліктерді ұйымдастыру балаларды жан-жақты дамытып, олардың өмірінде маңызды орын алатыны қарастырылған. Ертеңгіліктерді ұйымдастыру балаларды адамгершілік, эстетикалық тәрбие беру және әндер мен өлеңдер патриоттық сезімдерін қалыптастырады.*

***Тірек сөздер:** балабақша, тәрбие, дамыту, адамгершілік, эстетикалық, мерекелер.*

Халқымыздың егемендікке қол жеткізіп, ХХІ-ғасырға тарих табалдырығынан еркін, тәуелсіз ел ретінде аттап отырған кезінде әуелі ана тіліміздің өрісін көбейтумен бірге жас жеткіншек ұрпаққа ұлттық, адамгершілік – эстетикалық тәрбие беру бүгінгі таңда игілікті іс екені баршамызға мәлім. Оқыту мен тәрбие егіз - деп бекер айтылмаған. Сондықтан біз өскелең ұрпақты Отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеп, халқымыздың ұлттық музыкасы арқылы олардың бойына өз елінің жетістіктері мен табыстарына, музыкалық мәдениетіне деген үлкен мақтаныш сүйіспеншілік, қызығушылық сезімдерін қалыптастыруымыз керек.

«Музыканы тыңдай және оны түсіне білу – эстетикалық мәдениеттің қарапайым ғана белгісі, бұл болмаса сапалы тәрбие беруді елестету мүмкін де емес» деп жазды ұлы педагог В.А.Сухомлинский.

Бүгінгі педагогтік тәжірибеде оны жүзеге асырудың көптеген әдіс-тәсілдері жинақталған. Солардың бірі-балаға эстетикалық тәрбие беру құралы балабақшадағы музыка ұйымдастырылғаны іс-әрекеті. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы ән айтуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттатуға, импровизацияға, музыкамен ырғақты қозғалыстарға, шулы балалар аспаптарында ойнауға және музыкалық іс-әрекеттің басқа түрлеріне уақыт бөлінеді.

Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу.

Қазақ халқының педагогикасында балалар мен жастарға музыкалық эстетикалық тәрбие беруде сан түрлі тәсілдері бар. Музыкалық эстетикалық тәрбиенің қалыптасу мен дамуы, халықтың сан- ғасырлық тарихымен, тыныс тіршілігімен, тұрмыс-салтымен, және мәдениетімен байланысты. Қазақ халқының өнері, ән-күйлері, аңыз ертегілері, жыр-дастаны, әдет-ғұрыптары, айтыс өнері. Қазақ халқы қашаннан да әнге, өлең – жырға бай, ән шығармашылығының да жанрлары сан алуан.

Мерекелік ертеңгіліктердің бала өміріндегі рөлі зор. Балалар өміріндегі мерекелердің маңызы – адамгершілік, эстетикалық тәрбие беру құралы, әдеби шығармалар, әндер мен өлеңдер патриоттық сезімдер қалыптастырады, балалар бойында тәртіптілік, мінез-құлық, ұжымшылдық негіздерін, мәдениетін тәрбиелейді.

Мейрам күндері – балалар үшін жан тебіренер ән мен күйдің, әсем бидің, көз қуантар көріністердің қызғылықты бір әлемі. Сондықтан да, мейрам күндерін балабақшаның әрбір тәрбиеленушісі асыға күтеді, өз өнерлерін жолдастарына, тәрбиешілеріне және ата - аналарына көрсетуге асығады.



Осы жағынан алғанда, жас бүлдіршіндерді тәрбиелеп, оларды жан - жақты дамытып, жетілдіруге мерекелік күннің үлесі зор. Жас бүлдіршіндердің өзін қоршаған ортаға дұрыс қалыптастыруға өз Отанына сүйіспеншілігін арттыруға, музыкаға ынтасын күшейтуге, патриоттық сезімін оятуға үлкен әсер етеді.

Мерекелік ертеңгіліктердің барлық түрлері (ән салу, музыка ырғағымен қимылдар жасау, би билеу, музыка аспаптарында ойнау) балаларды музыканы сүйе білуге баулудың ерекше бір түрі. Балалар қуанып, толғану бүлдіршіндерді тату ұжымға топтастырады және ұжымды жауапкершілікке баулиды.

Әрбір мерекеге арналған ертеңгілік сол мерекенің қоғамдық зор мәнін, идеялық мақсаттарын жас бүлдіршіндердің өз сезіміне лайықтап жеткізіп, сол арқылы бүкіл халықты салтанатқа үлес қосуына мүмкіндік береді.

Балалар ертеңгілігін дайындап, өткізуде педагогтердің де алатын орны ерекше. Мерекелерге балаларымен қатар отырып қуану үшін ата - аналар да қатысуға тырысады. Өйткені, балалардың көрсеткен өнері, орындаушылық ерекшеліктері көңілді де, мәнді ойын түрлері ата - аналардың да ара - тұра өз өнерлерін ортаға салуы сыйлықтар, әртүрлі естелік кітапшалар беру балалар өміріндегі аса бір қуанышты сәттер болып табылады, мұқият жоспарланады.

Мерекеге әзірлену және өткізу. Әрбір сценарийді алдын - ала ұқыпты, жан - жақты әзірлейді. Сценарийде ертеңгіліктің мазмұнына қарай педагогтер мен балалардың айтатын сөздері және орындау реті жоспарланады. Әрине, ертеңгілікті үлкендерге арнаған балалар концертіне айналдыруға болмайды. Балалардың көрсеткен ойындары олардың өздерін де қуанышқа бөлейді, бірақ олардың естерінде ұзақ уақыт сақталатындай ерекше құбылыс бола алмайды. Сондықтан, балалар өнерін педагогтер (балабақша қызметкерлерінің) орындауындағы концерттік нөмерлерімен кезектестіріп, өткізсе, эмоциялық әсерге толы, есте қаларлық мереке болуы сөзсіз.

Ертеңгілік кезінде ойынның бала өмірінде алатын орны зор, ойнау балалардың табиғи қажеттілігі, оның өсіп - жетілуінің негізгі шарты десе де болады. Сондықтан, ертеңгілік кезінде ойындарды ұйымдастыруға қажетті атрибуттар алдын - ала ескерілуі қажет. Ойналатын ойындардың бірсарынды болмауы, ойынға қатысатын, оны тамашалайтын балаларды жалықтырып алмауын қатты қадағалаған жөн. Ертеңгілікте музыкалық ойындармен қатар көп дайындықты қажет етпейтін және өте жеңіл ойналатын, күтпеген жерден басталып кететін тосын ойындарды да ойластырудың артықтығы жоқ.

Ертеңгілікті өткізу кезіндегі орналастыру ретін әр кезде әр қилы ойластырмаса болмайды. Өйткені, орналастырудың ұқсастығы балаларды жалықтырып жіберуі мүмкін. Ертеңгілік кезінде балалардың қысылмай еркін отырып - тұруы олардың көңілділігі мен қуанышты күйі табиғи да шынайы болуына барлық мүмкіндік жасалғаны дұрыс.

Мерекелерді салтанатты түрде мектепке дейінгі ұйымда атап өтудің маңызы зор. Мерекелер өзінің ойластырылған бағыты мен құрылымына қарай үш түрге бөлінеді:

- Қоғамдық - саяси мерекелер
- Тұрмыстық мерекелер
- Маусымдық мерекелер

Қоғамдық саяси мерекелер салтанатты түрде өтеді. Бұл мерекелер музыка залына балалардың көгілдір жалаушалар, шарлар, гүлдер ұстап, салтанатты шеру жасап кіруінен басталады. Оған қоса ұрандар айтылып, Отанымыздың ұлылығына арналған құттықтаулары шатты түрде естіліп жатса, мереке салтанатының әсері арта түспек. Салтанатта көңілді сауықтар, ойындар, билер, топпен айтылатын әндер мерекені жандандырып отырады. Балалар ептілік, тапқырлық жөнінде сайысқа түседі. Мерекенің соңына қарай ересектердің құттықтаулары болады.



Ертеңгілікті сәбилер тобын басқа топтармен біріктіріп өткізуге болмайды, өйткені балалардың өз мерекесіне қатысуын олардың белсенділігін арттыруға пайдаланғаны дұрыс. Мұндай жастағы балаларға сырттан қонақтар шақырылса, балалар көңілін басқа жаққа аударып, мереке оларға қызықты болмай қалуы мүмкін. Басқа топтың балаларын қажеттілігіне қарай біріктіруге болады. Бұл жағдайда сценарий бойынша орындалатын бағдарламаға әр түрлі екі топтың балалары қатысуын қамтамасыз етуі қажет.

Кез келген ертеңгілікке балалардың толық қатысуын қамтамасыз ету керек. Ертеңгіліктерде орын алатын басты рольді балалардың бірінен екіншісіне ауыстырылып отырғаны жөн. Әрине, әр баланың мүмкіндігі мен мінез - құлқын да ескерген жөн. Баланың барлық кезде тек орындаушы, не тек көрермен боп қалуы дұрыс болмайды. Көпшілік ойынға нашар қатысатын бала мейрамға да аса қатты қызықпайды, ондай бала өз күшіне өзі сенбей күннен - күнге тұйықталып, жеке - дара қалуы мүмкін. Сондықтан, педагогтың міндеті әр балаға көпшіліктен орын тауып беру.

Мереке қарсаңында топ бөлмесін безендіру. Мерекеге дайындығын мадақтап, бірлесіп жасаған жұмыстары мен оның нәтижесіне қуану сезімдерін қолдау.

Мерекелік ойын-сауықтар мен кештерге қатысып өз өнерлерін көрсетуге: тақпақ оқуға, ән салуға, би билеуге, ойын ойнауға, ертегі кейіпкерлерін сомдауға қатысуға талпыныстарын қалыптастыру. Өз қолдарынан туысқандары мен балабақша қызметкерлеріне арнап сый-сияпаттар мен мерекелік шақыру билеттерін дайындау, ойыншықтар мен әшекей бұйымдарын жасауға талпыныстарын қалыптастыру. Үлкендерді мерекемен құттықтауға үйрету.

Үлкендер ұйымдастырған ойын-сауық түрлеріне қызығушылығын арттыру (куыршақ театры, музыкалық және әдеби композиция, концерт, ән кештері, ертегі, телебағдарламалар мен мультфильмдер көру).

Түрлі сайыстарға, жұмбақтар шешуге, тақырыптық кештерге, ән байқауларына, театрландырылған көріністерге қатысу белсенділіктерін арттыру.

В.А. Сухомлинский былай деген: «Егер сәби шақта музыкалық шығарманың әсемдігін жүрекке жеткізе білсе, мәдениеттің жоғары сатысына көтеріледі деген». Осы бір қағида сөздің мағынасында қаншама тәрбиелік сырлы сөз жатыр.

Ұрпақ тәрбиесіне айрықша мән берген ата – баба сұлу ән, асыл сөздің кестесімен сәби жүрегін тербеп, ой – санасын игі адамгершілікке жетелейді.

Ән қанатында халық ойынның тереңдігі, шексіз қиялы, шешен тілі, берік сақталып, заманның алдын орап, кейінгі ұрпаққа таратылып келе жатыр.

Балабақшада мерекелер мен ойын – сауықтарға қызығушылығымен оған қатысуға ынтасын арттыру арқылы елжандылық пен азаматтық сезімдерін қалыптастырып, қоғамдық өмірге араласуына талпынысын тәрбиелейді.

Музыка - адамзаттың рухани азығы, жан серігі және тілмен айтып жеткізе алмайтын ұшқыр қиялы, нәзік сезім. Ол өзінің көркемдігімен, нәзіктігімен сана сезімін кеңейтіп, жақсы мінез-құлықтарының қалыптастыруына әсерін тигізеді. Олай болса «Бұлақ көрсең - көзін аш» - деген нақыл сөздің өзі адамды алға жетелейді. Өнерлі балаларға демеу көрсетіп, алғашқы қадамына балабақшадан бастап жолын ашса, болашақ жас ұрпақтың тамыры тереңінен қаланады.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Меңжанова А.К. Мектепке дейінгі педагогика: оқу құралы/ - Алматы: 1992.
2. Абдуллин Э.Б., Николаева Е.В. «Теория музыкального образования» М., 2004 г.
3. Вахрушева Л.Н. Развитие мыслительной деятельности детей дошкольного возраста: учебное пособие для студ. пед. вузов и колледжей /- М.: Форум, 2017. - 187 с.
4. Школяр В.А., Красильникова М.С., Критская Е.Д. и др. Теория и методика музыкального образования детей. М. 1999 г.



ОӘЖ 372. 213

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЫН ІС-ӘРЕКЕТІ

Суенова Альмира Дулатқызы,  
Тойлат НурсулуӘлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенттері  
Кошкимбаева Раиса ХалыковнаҒылыми жетекші: педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы-сарапшы  
Павлодар, Қазақстан

***Аннотация:** Бұл мақалада мектепке жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы ойын жетекші іс-әрекет ретінде жан-жақты және ойынды зерттеген ғалымдар қарастырылған. Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын түрлеріне тоқталған.*

***Тірек сөздер:** ойын, тәрбиелеу, дамыту, іс-әрекет, тілін дамыту, қарым-қатынас.*

Мектепке дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін ойынның ролі ерекше. Ойын – жалпы адамзат мәдениетінің қайнар көзі мен шыңы. Ойын- мектепке дейінгі балалар үшін айналаны танып-білу тәсілі. Ойын - бұл баланың негізгі іс-әрекеті, ол қоршаған әлемнен әсер мен білім алады. Онда ойлау мен қиялдың ерекшеліктері айқын көрінеді, қарым-қатынас қажеттілігі дамиды. Ойын - бұл бала үшін шынайы әлеуметтік тәжірибе, оның құрдастар қоғамындағы нақты өмірі.

Ойын әлеуметтік қызмет, ол баланың жасына қарай, өзін қоршаған ортаны танып білуге, оны өзгертуге құштарлығын арттыратын құрал. Онда танымдық және бағдарлық қызмет бар. Ойын арқылы бала білім алады, тәрбиеленеді, қоғамды құрметтеуге үйренеді, ынтымақтасып жұмыс істеуге дағдыланып, ұтылуға емес, ұтуға тырысады. Ойын баланың психикасында сапалы өзгерістер туғызады, оқу әрекетінің негіздері қаланады.

А.С.Макаренко былай деп жазды: «Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін, еңбектің, жұмыстың, қызметтің қандай маңызы болса, нақ сондай маңызы бар. Бала ойында қандай болса, өскен соң жұмыста да көп жағынан сондай болады. Сондықтан келешек қайраткерді тәрбиелеу алдымен ойыннан басталады».

Мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен дамытудағы ойынның ролін Л. С. Выготский, С. Л. Рубинштейн, А. Н. Леонтьев, Д. Б. Эльконин, А. П. Усова, Л. А. Венгер, Н. Н. Поддякова т.б. еңбектерінде қарастырылған.

А. Н. Леонтьевтің, Д. Б. Элькониннің, Р. И. Жуковская, зерттеулері көрсеткендей, мектепке дейінгі жастағы ойынның дамуы ересектердің іс-әрекетін қалпына келтіретін тақырыптық ойыннан адамдар арасындағы қарым-қатынасты қалпына келтіретін рөлдік ойынға қарай жүреді.

Осылайша, ойын әлеуметтік тәжірибені игеруге қызмет ете бастайды.

Ойын Әлеуметтік және оны жүзеге асыру тәсілдері бойынша. А.В. Запорожец, В.В. Давыдов, Н. Я. Михайленко дәлелдегендей, ойын әрекетін бала ойлап таппайды, бірақ оны баланы ойнауға үйрететін, ойын әрекеттерінің әлеуметтік қалыптасқан әдістерімен таныстыратын ересектер.

Ересектермен қарым-қатынаста әртүрлі ойындардың техникасын игере отырып, бала ойын тәсілдерін жалпылайды және басқа жағдайларға ауыстырады. Осылайша, ойын өзін-өзі қозғалысқа ие болады, баланың өзіндік шығармашылығының формасына айналады және бұл оның дамушы әсерін анықтайды.



Г.В.Плеханов ойынның мәні мен мазмұнын белгілейтін еңбек екенін көрсетті. Ойын адамның еңбектік қажетінен туып, өрістеді деген пікірді қолдады. Баланың ойыны ересек адамдардың еңбегіне еліктеуден өрістеп, бара - бара шын мәніндегі еңбекке айналады, сондықтан ол ойын – еңбекке тәрбиелеудің тиімді жолы, тәрбие құралы екенін дәлелдеді.

Көптеген зерттеулер (Д. Б. Эльконин, П. Г. Саморукова, Т. И. Бабаева, Н. А. Короткова, Н. Я. Михайленко, О. В. Солнцева және т. б.) балалар ойындарының мазмұнының қайнар көзі болып табылатын жағдайлар екенін көрсетеді:

- бала ересектермен бірге белсенді әрекет етеді (өзі тамақтанады, киінеді, мерекелерге қатысады, дүкендегі өнімдерді тандайды);

- бала ересек адамның іс-әрекетінің объектісі ретінде әрекет етеді (оны дәрігер емдейді, шаштараз шашын қияды);

- бала ересектердің іс-әрекетін бақылайды немесе ол туралы жанама түрде біледі (фильмдерден, кітаптардан, әңгімелерден және т. б.).

Ойын сөйлеудің дамуына өте үлкен әсер етеді. Ойын жағдайы оған енгізілген әр баладан сөздік қатынасты дамытудың белгілі бір деңгейін талап етеді. Құрдастарымен қарым-қатынас жасау қажеттілігі келісілген сөйлеудің дамуына түрткі болады. Ойын жетекші іс-әрекет ретінде баланың сөйлеу тілінің белгілік қызметін дамыту үшін ерекше маңызға ие. Ойында белгі функциясын дамыту кейбір объектілерді басқаларымен ауыстыру арқылы жүзеге асырылады.

Ойын жетекші іс-әрекет ретінде рефлексивті ойлауды дамыту үшін ерекше маңызды. Ойын рефлексияның дамуына әкеледі, өйткені ойын қарым-қатынас процесіне кіретін әрекеттің қалай орындалатынын бақылауға нақты мүмкіндік береді. Мәселен, аурухана ойынын ойнап жүргенде, бала науқас сияқты жылайды және зардап шегеді және жақсы рөл атқарады.

Қазіргі кезде «ойын» ұғымының мағынасы кеңейіп, тұрмыс пен мәдениеттің түрлі салаларын қамтуда. Бұрын балалар ойыны мен актер ойыны педагогика мен өнертанудың ғана зерттеу нысандары болып келсе, қазіргі таңда ойын проблемасы психология, әлеуметтану, мәдениеттану, әдебиеттану, т.б. салалардың көкейтесті мәселесіне айналып отыр. Ойын арқылы оқушы білім алуға, оқуға қызықтыра отырып тұлғаны дамуын қалыптастыруға болады.

Ойын – оқытуда жаңа технологияның маңызды бөлігі болып табылады. «Ойын» ұғымына түсініктеме берсек – бұл адамның мінез-құлқын өзі басқарумен анықталатын қоғамдық тәжірибені қалыптастыруға арналған жағдаяттар негізінде іс-әрекеттің бір түрі. Ойын әрекеті мынадай қызметтерді атқарады:

- Ойын – сауық
- Коммуникативтік
- Диагностикалық (ойын барысында өзін-өзі тану)
- Коррекциялық (өзін-өзі түзету)
- Әлеуметтендіру

Ойын – адамның өмір танымының алғашқы қадамы. Сондықтан ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып білімін жетілдіреді.

Ойын арқылы бала қоршаған ортаны өзбетінше зерделейді. Соның нәтижесінде өзі көрген жағдайларды, отбасылық тұрмыс пен қызмет түрлерін жаңғыртады. Ойын балалардың еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін қалыптастырады. Ойынның ережелері ойнаушының қисынды ой қабілетінің дамуы, бір-біріне деген сыйластық, қажеттіліктерімен санасуы әр баланың жеке әрекетінен туындайды. Ойынның басты шарты жеңіске жету болса, әр ойыншы өз қарсыласының мүмкіндігімен санасып, бір-біріне деген сенімен арттырады.



Ойын барысында балалардың жеке басының қасиеттері қалыптасады. Балалардың қуанышы мен реніші ойында айқан көрінеді. Ойын кезіндегі балалардың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойнайды, эмоциялық әсері ұшқындалады, белсенділігі артады, ерік қасиеті қиял елестері дамиды, мұның бәрі балалардың шығармашылық қабілеті мен дарынын ұштайды. Мектеп жасына дейінгі балалар көргендерін, байқағандарын, айналасынан естігендерін ойын кезінде қолданатынын байқауға болады. Ойын айналадағы болмысты бейнелейді. Ойын барысында балалар дүниені тани бастайды. Өзінің күш жігерін жұмсап, сезімін білдіруге мүмкіндік алады, адамдармен араласуға үйренеді.

Ойын түрлері өте көп. Соның ішінде ойын-сабақ, ойын-жаттығу, сергіту ойындары, дидактикалық мақсаттағы ойындар, логикалық ойындар, грамматикалық ойындар, ұлттық ойындар, т.б. Мұндай ойындар балаларды жан-жақты дамытып, білімді толық игеруіне көмектеседі.

Ойынды түрлендіруге жаңылтпаштарды, мақал-мәтелдерді, жұмбақтарды жатқызуға болады. Олар әр тілді, әрі ақыл-ойды дамытуға, демалыс сәттерін тиімді пайдалануға септігін тигізеді. Балалар әрекет үстінде өзін-өзі еркін ұстауға, қысылып-қымтырылмауға, басқалармен тіл табысуға, жолдастық, достық сезімінің оянуына мүмкіндік жасайды.

Ойын - әлеуметтік іс, еңбектің дамуына байланысты тарихи құбылыс, өмір сәулесі, қоғамдық жағдайға байланысты оның мазмұны да өзгеріп, түрленіп отырады. Ойынның әр түрлері бар: қозғалмалы (ережелі), дидактикалық, драматизациялық, құрастыру.

Ойынның негізгі ерекшелігі ол балалардың қоршаған өмірді - адамдардың қимылын, іс-әрекеттерін бейнелеу болып табылады. Ойында бөлме теңіз, аспан кеңістігі де, темір жол вагоны да болуы мүмкін. Балалар жағдайға ойынның өздері ойлаған түпкі ниеті мен мазмұнына лайықты маңыз береді.

Ойын іс-әрекетінің тағы бір ерекшелігі - оның әрекеттік сипаты. Балалар ойын шығарушылар, ойынды жасаушылар болып табылады. Олар ойында өздеріне мәлім өмір құбылыстары мен оқиғалары туралы білімдерін бейнелейді, оларға өзінің қатынасын білдіреді.

Ойынды басқара жүріп, тәрбиеші баланың жеке басының барлық жағына: оның санасына, сезіміне, ерік-жігеріне, мінез-құлқына ықпал жасайды, ойынды ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық және дене тәрбиесінің мақсаттары үшін пайдаланады. Ойын процесінде балалардың білімі мен ұғымы айқындалып, тереңдей түседі. Демек, ойын балалардың соған дейінгі білімдері мен түсініктерін баянды етіп қана қоймайды, сонымен бірге белсенді таным іс-әрекетінің өзінше бір формасы болып табылады, соның барысында олар тәрбиешінің басшылығымен жана білім меңгереді.

Сонымен, ойын - өзінше бір мектеп, сол арқылы бала адамдарының мінез-құлқының ережелері мен нормаларын, олардың еңбекке, қоғамдық меншікке көзқарасын, олардың өзара қарым-қатынасын шығармашылықпен игереді. Ойын балалардың өздерінің де қоғамдық мінез-құлқы, олардың өмірге, бір-біріне көзқарасы, қарым-қатынасы қалыптасатын қызмет формасы болып табылады. Ойынды ұйымдастырып, оны басқара жүріп, тәрбиеші балалар ұжымына және ұжым арқылы әр балаға ықпал жасайды.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі педагогика: оқулық. -Астана, 2014.
2. Аралбаева Р.Қ. Мектепке дейінгі педагогика. – Алматы, 2012.
3. Микляева Н.В. Дошкольная педагогика: учебник для акад.бакалавриата, для студ.вузов /Ю.В. Микляева, Н.А. Виноградова 2-е изд. перер. и доп. - М.: Юрайт, 2018. - 411 с.
- 4.Жұмабекова, Ф. Н. Мектепке дейінгі білім мазмұнын жаңартудың педагогикалық негіздері: арнайы курс бағдарламасы/ Ф.Н. Жұмабекова. - Астана: Мастер По, 2012. - 44 б.



УДК 1751. 81-139

## PSYCHOLOGICAL TRICKS FOR LEARNING ENGLISH

**Imangalieva Madina Bauyrzhankyzy**

Student of Arkalyk Pedagogical Institute named after I. Altynsarin

Scientific supervisor: Asanova Asel Karlybaevna

Arkalyk, Kazakhstan

**Annotation:** *The article describes psychological methods of learning English through consciousness. The importance of involuntary memory in the process of learning a language is emphasized. The essence of the method and its implementation are considered. The importance of the fact that memory is associated with various perceptual processes, and what these processes are, is discussed. The main point of the article is the systematic inclusion of the method of mnemonics in the educational process of applying a new technique.*

**Keywords:** *teaching a foreign language, memory, method of learning English, language exercises, associative connections.*

Psycholinguistics (Fr. linguistique-lat. lingua-language) is a branch of science between psychology and Linguistics. It studies the process of speech, from the point of view of its content, communicative role, the relation of the word to thought. The founder of this direction was the German scientist G. Steintal (1823-1899), who considered language as a reflection of the psychology of ethnicity, as well as the individual. In his opinion, linguistics should rely not only on the individual psychology of a person, but also on folk psychology. Personality-activity approach in teaching a foreign language all activities are aimed at personal development, taking into account the motives, goals and unique warehouse of this personality. Change in motivation to study a foreign language. According to the data obtained during the study of a group of scientists led by I. E. Passov, the 1st year is a stable interest in reading a foreign language-97% the 4th year is a stable interest in reading a foreign language – 14%. [1, p. 320] Reasons for the disappearance of the desire to learn a foreign language:

- increase in material volume;
- increase in unfamiliar words;
- inability to master the previous material.

Memory processes play an important role in mastering a foreign language. In psychology, there are types of short-term and long-term memory. For the implementation of speech, both types of memory are considered important actions. In the process of speech formation, the necessary language tools are provided in utterances. Short-term memory should then move on to long-term memory as a result of the exercises are. This basis is a condition for successful language acquisition. As for memory, the following processes are divided into:

- memory, storage and forgetting;
- memory when convenient:
- voluntary goal, to remember something;
- involuntary memory, carried out in the course of action.

When teaching foreign languages, special involuntary memory is of great importance. Because we need to be able to use the language on a daily basis. For example, not only memorizing materials in different communication situations, but also voluntarily performing certain speech processes. It is necessary to memorize freely. Involuntary memory patterns:

- 1) language material should be worked out differently, that is, a wide variety of types of exercises;
- 2) exercises should enhance activity (creative activity of students);
- 3) they should be of interest;





4) they must be logically understandable, positive, have the interconnection and continuity of the old material and the new material;

5) memory should be associated with various sensory processes (vision, hearing, speech).

### **Mnemolning methodology**

Someone else's speech for us is first only a set of sounds. And it is very difficult to remember them. We can sit at the dictionary all day, and after a week we will notice that absolutely nothing remains in our memory. Many complex techniques have been invented to memorize vocabulary. And one of them is mnemonics. [2, p. 262]

### **What is mnemonics?**

We have already come across this method-when we memorize the colors of the rainbow while reading cases in kindergarten or elementary grades. "Every hunter wants to know where the pheasant is sitting" is an example from the arsenal of mnemonics. The essence of the method is to capture information that is difficult to remember in the same way into a logical "backup". We just need to find some associations with an unfamiliar word. Association, the word itself and its meaning immediately appear in our memory. [3, p. 224] When we look at a word in the dictionary, we see only letters, a meaningless sequence of graphic symbols. Remembering them is as difficult as a random sequence of numbers. But if we attach a phrase to a visual or sound image, it ceases to be a cipher. By remembering a picture or sound, we remember the word itself. Such associative connections are very strong: we probably did not remember the size and color of the cubes with the alphabet from childhood, but we remember that a watermelon was placed in a cube with the letter "A".

### **How to use mnemonics to learn English?**

The same effect is used, for example, in the Skyeng online school application. In order for the dictionary to be well remembered and remembered for a long time, each word has its own map, which contains not only translation and transcription, but also special tips - GIFs, pictures, short videos related to the meaning of this word. These tricks allow students to memorize **10-30** new words a day. There is also a very creative way to memorize by choosing Russian consonants for words in English.

5 words that will be remembered forever

Now to Magic. If we do not believe that we can memorize about 20 words a day, read our tips, imagine the situations that the phrases describe and check ourselves in a few days. We guarantee that we will be able to remember all these English words, even if we have never encountered them before. [4, p. 149] [5, p. 416]




picture 1



picture 2



picture 3



picture 4

For example :

- Whatever** [вотэва] — любой: «*В ОТТАВЕ ЛЮБОЙ — хоккеист*»  
**Tired** [тайэд] — усталый: «*так УСТАЛ, что ТАЕТ*»  
**To chase** [чейз] — преследовать: «*ЧЕЙ Заяц преследует меня?*»  
**Puddle** [паддл] — лужа: «*он ПАДАЛ в ЛУЖУ много раз*»  
**Rain** [рейн] — дождь: «*после ДОЖДЯ РЕЙН вышел из берегов*»  
**To spot** [спот] — замечать: «*не заметил и СПОТкнулся*»  
**Fair** [фэйр] — ярмарка: «*ФЕЙЕРверки на ЯРМАРКЕ*» [6, p. 160]

**To summarize**, this article shows a technique that many do not know, but which is ideal for quickly memorizing words. If we apply the mnemonics technique in our own lesson, we can arouse students' interest in the language. We would recommend using the various digital platforms that exist today to implement the methodology. This is because when differentiating words using a methodology, our step towards the student should be effective. Only then will we be able to work with this technique. . With this technique, you teach the student that he needs to find some associations with an unfamiliar word, form a clear image, help the word itself and its meaning immediately appear in our memory. By working with this technique, we can increase the vocabulary of students in less time.

#### REFERENCES:

1. Zusman V. G. Intercultural communication / edited by N. Zusman V. G. - Nizhny Novgorod, 2001. - 320 p.
2. 6 Barchudarow L. Sprache und Übersetzung. – M. : Progreß, 1979. – 262 p.
3. 7 Vinogradov V. S. Introduction to translation studies (general and lexical issues). – Moscow : PAO, 2001. - 224 p.
4. 8 Sabitova M. T. G. Isina. I. Theory of translation - Almaty: Kazakhstan, 1995. - 149 p.
5. 9 Fedorov A.V. Fundamentals of the general theory of translation (linguistic problems): Textbook. – Ed. 5-E. – M. ; St. Petersburg, : 2002. - 416 p.
6. 10 Latyshev L. K. Translation: problems of theory, practice and teaching methods. – M. : Prosveshchenie, 1988. - 160 p.



ӘОЖ 378.147.227

**БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ  
ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ASSESSMENT CENTER  
НЕГІЗІНДЕ ЦИФРЛЫҚ КЕЙСТЕРДІ ӘЗІРЛЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

**Әукен Айнаш Орынбасарқызы,  
Бакирова Индира Дарханқызы,  
Риза Сара Ерболқызы,  
Ренкевич Виктория Владимировна,  
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,  
Қарағанды, Қазақстан**

***Аннотация:** Бұл мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін арттыруға арналған оқытуда қолданылатын әдістемелік материалдар жинақталған цифрлық кейстер әзірленетіндігі жайында айтылған. Аталмыш цифрлық кейстерді дайындау негізінде «Assessment center» ашылатындығы мәлімденеді.*

***Тірек сөздер:** Assessment center, кәсіби құзыреттілік, цифрлық кейс.*

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан Халқына жолдауында «Әділетті Қазақстанды құру ісінде мұғалімдердің рөлі айрықша екені сөзсіз. Мемлекетімізде соңғы жылдары ұстаз мамандығының абырой-беделін арттыру үшін көп жұмыс жасалды. Дегенмен, бұл бағытта әлі де біршама өзгерістер жасау қажет» [1] деп айтқан болатын.

Білім беру қызметтері нарығында үнемі өсіп келе жатқан бәсекелестік және шетелдік білім беру тәжірибесінің араласуы жағдайында білім беру қызметтері нарығында да, әлемдік білім беру кеңістігінде де бәсекеге қабілетті және кәсіби құзыретті болашақ мамандарды даярлау, тиісінше жоғары технологиялық және стандартталған процестерінің моделін әзірлеу және енгізу бүгінгі заман талабы.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін бағалауға арналған цифрлық кейстерді әзірлеу заңнамалық деңгейде бірқатар құжаттарды, атап айтқанда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын; «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңын; «Педагог» кәсіптік стандартын; Қазақстан Республиканың 2023-2029 жылдарға арналған мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту Тұжырымдамасын қабылдау қарастырылады; Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған Тұжырымдамалары; Жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптарының үлгілік оқу бағдарламаларын [2] негізге алады.

Assessment center (assessment centre, бағалау орталығы) – бұл қызметкерлердің кәсіби құзыреттіліктерінің даму деңгейін, әлеуеттерін анықтау мақсатында олардың қызметінің негізгі тұстарын модельдеуге бағытталған кешенді бағалау әдісі.

Бастапқыда ассесмент орталығы Германия, Ұлыбритания армияларының, сондай-ақ Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін және соғыс кезінде АҚШ барлау қызметінің аға офицерлерін таңдау үшін пайдаланылды. Кейінірек бұл технологияны IT & T, IBM, Xerox, Mars, Siemens, Nestle, Shell және т.б. компанияларда кадрларды іріктеу үшін қолданды.



Бүгінгі таңда ЖОО-ның бітіруші курс түлектерінің білім сапасын, кәсіби құзыреттіліктерін арттыруға арналған Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Педагогика факультеті, Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасы жанынан Assessment center ашу жоспарлануда.

Assessment center мақсаты – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін бағалауға арналған Assessment center негізінде цифрлық кейстерді ғылыми-әдістемелік негіздеу және әзірлеу.

*Цифрлық кейс* — оқытушы дәстүрлі және қашықтықтан консультацияларды ұйымдастыру кезінде мәтіндік, аудиовизуальды және мультимедиалық оқу-әдістемелік материалдарды жинау және оларды пайдаланушылардың өз бетінше меңгеруі және қолдануы үшін негізделген.

*Цифрлық кейс* (ағылшынның case—портфель) оқытуда жасалынған әдістемелік материалдармен іске асырылады.

*Цифрлық кейс* арналған материалдар түрлері мыналар:

1. Әдістемелік нұсқалар. Оқу құралдары мен глоссарий. Оқушыларға оқу жоспарындағы пәндер бойынша электрондық тасымалдауышта оқу-әдістемелік материалдардың кешені (кейс) беріледі. Кешенді даярлауда ұжымдық әдістер, жобалау әдістері пайдаланылады.

2. Жұмыс дәптері.

3. Анықтама.

4. Оқу, аудио, бейне материалдары.

5. Бақылау және емтихан материалдары.

Мұндай әдістер тыңдаушылардың белсенділігін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін белсендіруге арналады.

Цифрлық кейстер білім беру бағдарламасының мазмұнына сәйкес толық модульді қамтыған білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін Дублин дескрипторлары шеңберінде 5 деңгей бойынша айқындалатын болады:

- Білу және түсіну;
- Білімді қолдану және түсіну;
- Алған білімін қалыптастыру;
- Коммуникативті қабілеттер;
- Оқу дағдылары немесе оқу қабілеті

Әзірленген цифрлық кейстер жоғары білім беру ұйымының соңғы курс білім алушыларының кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін сапалық және сандық бағалауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Цифрлық кейстерді әзірлеуде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін арттырудың маңызы зор.

Кәсіби құзыреттілік педагогтың субъективті факторы болып табылады. Педагогтың кәсіби құзыреттілігі түсінігі мұғалімнің жеке мүмкіндіктерін көрсетеді. Осылайша, педагог құзыреттілігі педагогикалық қызметтің теоретикалық және практикалық дайындығын жүзеге асырады. Кәсіби құзыреттіліктің 4 түрі бар:

1. Арнайы құзыреттілік,
2. Әлеуметтік құзыреттілік,
3. Тұлғалық құзыреттілік,
4. Дара құзыреттілік.

Кәсіби құзыреттіліктің әдіснамалық негіздері В.А.Болотовтың, В.Н.Введенскийдің, Е.Ф.Зеердің, И.А.Зимняяның, А.М.Митяеваның, Н.В.Мирзаның, В.А.Сластениннің, Ш.Т.Таубаеваның, Н.Д.Хмельдің, А.В. Хуторскийдің, W. Nutmacher, K. Greenan, H. Mcilveen және т.б. ғылыми еңбектерінде ашылады.



Білім алушылардың құзыреттілігін қалыптастырудағы кейс-технологияның педагогикалық әлеуетін А.С.Еремін, Н.Павельева, Е.С.Полат, К.Ф.Херрид, Е.Шимутина және т.б. білім беру процесінде кейс-технологияны пайдалану мәселелерін В.П. Беспалько, Е.С.Полат, Л.В.Рейнгольд, О.Г.Смолянинова және т.б. зерттеді. Case-study әдісі негізінде оқытудың инновациялық технологияларын О.Г.Смолянинова, Н.Ф. Радионова, А.П.Тряпицын [3] және т.б. негіздеді.

Н.В. Кузьмина еңбектің нәтижесі мен оның кәсіби құзыреттілігіне әсер ететін, педагогикалық қызметкерлердің маңызды сипаттамасының қатарында педагогтың кәсіби іс-әрекетінің сапасы, оның шеберлігі мен кәсіпқойлығы, педагогикалық қабілеттер мен педагогқа қойылатын талаптар бойынша сұрақтарды зерттеп қарастырады. Ол педагогикалық құзыреттіліктің негізгі элементтері ретінде келесілерді атап көрсетеді: оқытылатын пәннің аумағындағы арнайы құзыреттілік, оқушылардың білімі, іскерлігі мен дағдысының қалыптасу әдістерінің аймағындағы әдістемелік құзыреттілік; оқыту аймағындағы психологиялық-педагогикалық құзыреттілік; оқушылардың қабілеттері, бағыт-бағдары мен себептері аймағындағы дифференциалды-психологиялық және аутопсихологиялық құзыреттіліктерді қарастырады.

Қорыта келе, бүгінгі жас ұрпақ – ертеңгі мемлекет тұтқасын ұстаушы білікті маман, ел тағдырын шешуші азамат. Олай болса еліміздің болашағы болып табылатын жас ұрпаққа білім беретін оқу орындарының білім жүйесін дамыту заман талабы екенін мойындауымыз керек. Сондықтан ХХІ ғасыр мұғаліміне сай болу үшін ізденімпаз ғалым, жан-жақты шебер, тынымсыз еңбекқор, терең қазыналы білімпаз, кез-келген ортаның ұйытқысы болған абзал.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. "ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҮТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ" Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2022 жылғы 1 қыркүйек (www.gov.kz)

2. [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30118747](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30118747)  
[https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=32091648&pos=176;-39#pos=176;-39](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32091648&pos=176;-39#pos=176;-39);  
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200031149>;  
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249>;  
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200028916>;  
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>;  
[https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=39621845](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39621845)

3. Бережнова Е.В. Профессиональная компетентность как критерий качества подготовки будущих учителей [Текст] // Компетенции в образовании: опыт проектирования: сб. науч. тр. / Под ред. А.В.Хуторского. – М.: Научно-внедренческое предприятие «ИНЭК», 2018. – С. 327.



УДК – 37.061

## БАЛАЛАРДЫҢ ҒАЛАМТОРҒА ТӘУЕЛДІЛІГІНІҢ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Нурдаuletовна Зауреш Нурсатовна**

психология мамандығы және білім беру бағдарламасы бойынша  
элеуметтік ғылымдар магистрі, педагогика-психология пәндерінің оқытушысы,

**Жуматаева Мөлдір Ерланқызы**

№1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық - педагогтік колледжінің 3- курс студенті,  
Алматы, Қазақстан

**Аннотация:** «Ғаламторға тәуелділік» – қазіргі қоғамның басты дерті. «Ғаламторға тәуелділік» еңбектеген баладан бастап, еңкейген қарттарға дейін күннен күнге басым болып бара жатыр. «Ғаламторға тәуелділік» оның өзіндік белгілері мен себептері туралы қарастырылған.

Ғылыми жобада «Ғаламторға тәуелділік» оның себептері психологиялық, физиологиялық тұрғыдан адамдарға алып келетін зияны, ғаламторға тәуелділік әлемнің проблемасы болғандықтан, проблемамен күресу жолдары ұсынады.

Қоғамдағы жасөспірімдер мен балалардың ғаламторды шамадан тыс пайдаланып денсаулығынан айырылып жатқанын көре аламыз. Қазіргі таңда жасөспірімдер мен балалардың көп бөлігі ғаламтордың тек қана пайдалы жақтарын көріп, зиянды жақтарын елемей жатады. Менің басты мақсатым балалар мен жасөспірімдерге ғаламтор жайлы ақпараттар мен адам өміріне алып келетін өзгерістері пайдасы мен зиянын түсіндіріп өту.

**Кілтті сөздер:** Ғаламтор, – (ағылш. internet) компьютерлік серверлердің бүкіл әлемдік желісі. ARPANET, Телемания.

Ғаламтор бүкіл ғаламның басты мәселесі. Қазіргі таңда ғаламторды қолданбайтын адам жоқтың қасы шығар. Ғаламтор күннен күнде дамып, адам баласы уақыт өткен сайын сан түрлі байланыс жүйесін ойлап табу үстінде.

Ғаламторды қолданғанда оған тәуелді болып қалмау адамдардың өзіне байланысты. Қазіргі таңда ғаламторға тәуелділер жасөспірімдер мен балалар.

Ғаламтордың жасөспірімдер мен балаларға пайдасымен қатар зияны, денсаулыққа алып келетін өзгерістерін түсіндіру басты мақсатым болып табылады. Егер ғаламтор жоқ болып кетсе, адамдардың өмірін елестудің өзі бір қызық.

«Ғаламтор ғалам мәселесі» Ғаламтор дегеніміз не? Ғаламтор тарихы ХХ ғасырдың 50-ші жылдардың аяғында пайда бола бастады. Ғаламторды ойлап табудың негізгі мақсаты ядролық қақтығыстар болып қалған жағдайда адамдар бір-бірімен байланыс орнатуы үшін ойлап табылған құрал.

Ғаламторды ойлап тапқан АҚШ мемлекеті. Ғаламтордың пайда болуына ARPANET желісі септігін тигізген. Бұл желіні ойлап тапқан да АҚШ – тың үкіметтік ұйымы. Алғашқыда бұл ұйымды ғалымдар жүйеге ену үшін, компьютердегі программаларды іске қосу үшін пайдаланған.

ARPANET әскерлер мен әскери қызметкерлерді, оқу орындарын байланыстыратын желі болған сонымен қатар зерттеушілердің бір – бірімен ақпарат алмасуы үшін таптырмас мүмкіндік болған. Ғаламтордың шығу тарихының өзі бір қызық. АҚШ – тың қорғаныс министрі егерде соғыс бола қалған жағдайда адамдар бір бірімен байланыс орнатып, хабар алмасу жүйесі керек болады деп есептеген.



ARPANET жобасы 1969 жылы 29 қазанда басты 4 мекеменің компьютерлерін телефон арқылы байланыстырды. Содан соң жоба дамып танымал бола бастады. 1983 жылы ARPANET атауы «Ғаламтор» ұғымымен алмастырылды. Содан бастап ғаламтор жылдам қарқынмен дамып бүткіл әлемді жаулап үлгерді. Қазіргі заманмен алып қарайтын болсақ ғаламторды қолданбаймын дейтін адамдар жоқтың қасы шығар. Ғаламтордың қызыметі ХХ - ғасырдың аяғында ақпараттармен алмасу болса, қазіргі таңда тек ақпаратпен алмасу емес табыс көзі, білім алу, ақпараттарды іздеу, алыстағы таныс адамдарыңызбен видеохабарлама арқылы қалаған уақытта сөйлесе алу, күнделікті өмірге қажетті ақпараттарды, алдын ала болатын жаңалықтарды тез біле аламыз.[1,36 б]

Әрбір заттың пайдасы мен зияны қатар жүретін қоғамда өмір сүру үстіндеміз. Ғаламторды да шамадан тыс қолданар болсақ адамға тигізер зияны орасан жоғары. Қоғамымыздағы басты мәселе жасөспірімдер мен балалардың интернет желісіне тәуелді болып қалуы. Бұл проблеманың алдын алу барысында ата – ананың атқаратын қызыметі орасан зор, ең алдымен ата – ана балаларына ғаламтордың зиянды жақтарын түсіндіруі қажет баланы бақылауда ұстап, интернетке қанша уақытын арнайтынын қадағалауы қажет. Ата –ана үнемі балаға зиян екенін ескертіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізу міндетті.

Бірақ қазіргі қоғамда баланы интернет тәрбиелейтін заманға жетіп отырмыз, бұл ата – ананың балаға немқұрайлы қарауы деп есептеймін. Ғаламторды ешкім басқармағандықтан оның ішінде сан түрлі ақпараттар бар баланың психологиясын бұзатын мәнсіз видеолар т.б.

Осы жағымсыз ақпараттарды көре берсе көзден құлақтың есту мүшесі арқылы баланың денсаулығы нашарлайды, ойлау қабілеті нашарлап, сабаққа деген зауқы мүлде болмай тек әр күнінің басым бөлігін ғаламторда отыруменен өткізеді. Ата– ана шектеу қойып ұрсып қалса жылау, ұрсысу мен неше түрлі конфликттер пайда болады. Кішкентай еңбектеген баланың өзі телефонға әуес, тіпті кейбір ата –аналар баласы жылап мазасын алмауы үшін өздері баласына телефон ұсынады. Менің ойымша, бұл үлкен қателік енді жаңадан өмірге бейімделіп келе жатқан баланың ақыл ойына өте зиян, телефоға үйрету, тәуелдік осындан басталады емес пе.

4 жастан бастап 13 жасқа дейінгі балалардың шамамен 60% барлық бос уақыттарын теледидар мен телефонның алдында өткізеді. Барлық істерді ысырып қойып бағалы уақытын экран алдында өткізуді қажет ететін әуестік бірте – бірте күнделікті әдетке айналу үстінде. Ғаламторға тәуелділік дәл осындай тоқтаусыз қарқынмен жүре беретін болса онда қоғамымыз ілгері дамымайды. Қоғамда жас өспірімдердің басым бөлігі ғаламтор арқылы құмар ойындар ойнап ақшаларын соған жұмсап отырады, ұтылған жағдайда қалтасындағы соңғы ақшасын да ойынға жұмсап отырады бұл **Телемания** деп аталады.

«**Телемания** дегеніміз» – грек. теле – телефон, теледидар мания құмарлығы, теледидар мен онлайн ойындарды шамадан тыс қолдану. Телеманиядан құтылудың жолы өте қиын. Қазіргі заман мен бұрынғы ғаламторсыз заманның айырмашылғы жер мен көктей. [3,48б]

Салыстыратын болсақ бұрынғы заманда балалардың балалық кезі нағыз балалық шақ деп ойлаймын. Ғаламторсыз таза ауада асыр салып, үйге кірмей достарымен ойнау, әжелеріміздің қызықты ертегілерін тыңдап, ұйықтап қалуымыз, кітаптарды оқып жарысуымыз ең бақытты кезеңдеріміз. Ол кезде де теледидарды тұтынатынбыз бірақта тәуелді болатындай емес балапан арнасынан көрсететін қызықты мультфильмдерді апта сайын күтетін едік. Міне, нағыз ғаламторсыз балалық шақ. Қазіргі қоғамдағы балалар қолдарында телефон ертегі тыңдап, теледидардан мульттик көретін балалардың саны аз. Бір жағынан ғаламтордың дамығаны Қазақстанымыздың алдыға жылжуына үлесін қосу үстінде.



Қазіргі жастар қауымы тәуелді болып уақытының көп бөлігін ғаламторда пайдасыз дүниелерге жұмсап шынайы өмір мен виртуалды өмірді алмастырып алып жатыр сонымен қатар денсаулықтары мен психикаларына да зияны тиіп жатыр. Ғаламтордың зиян жақтарын барлық адам біледі енді соған тәуелді болмау әр адамның өз қолында.

Ғаламтордың адам өміріне алып келетін зияндары мен тигізер пайдасы.

Ғаламторды адамдар тек пайдалы жақта қолдануы қажет. Балаларға ғаламтор жайлы тәрбие берместен бұрын ата – ана өздері ғаламтор жайлы ақпараттармен танысып зияндарын білуі қажет. Ғаламторда ұзақ уақыт отырғанның денсаулыққа алып келетін зардабы көп олар: Желіде көп отырғаннан көз бен омыртқаға зақым келеді. Бұл алу үшін компьютердің алдында көп отыратын адамдар көзді қорғайтын көзілдірік киіп арқаны тік ұстап жұмыс жасауы қажет. Сонымен қатар балалардың психикасына әсерін тигізіп жатқанын қоғамда көп байқаймыз. Бала тез ашушаң, көңіл күйі болмай, сабаққа деген зейіні бөлініп тәуелді болып отырады. Ғаламторды ешкім басқармағандықтан ол жерде әртүрлі ақпараттар бар оны балалар да үлкендер де көреді. Балалар өздеріне көруге тиым салынған ақпараттарды көріп психикаларын құртып, өмірге деген көзқарсын өзгертіп қоршаған ортамен байланысын үзеді. Кейбір жасөспірімдер ғаламтордан түрлі жағымсыз ақпараттарды көріп психикасын бұзып алып жатады. 2001 жылы

Ресейде 3 бала компьютерге беріліп суицид жасаса, АҚШ – та Шон Вуллей есімді бала виртуалды әлемге еніп ақыры шыдамай өзіне қол салған. Тілшілер Шонның анасынан сұхбат алу барысында ғаламторға тәуелділіктің аяғы неге апарғанын айтып өткен. Ғаламторға тәуелділік арқылы сен не тірі қаласың, не өлім құшасың менің ұлым ғаламтордың салдарынан өлім құшты деп өзінің өкінішті жағдайымен бөлісіп өткен. Қазақстанымызда да жасөспірімдердің ғаламторға тәуелді болып, өздеріне суицид жасап жатқандарын да көріп жүрміз. Статисткаға сүйенетін болсақ суицидке баратындар 16 жас пен 29 жас аралығындағы жастардың үлесі 17,3% ды құрады, осы жағдайдың көп бөлігінің салдары балаға отбасындағы тәрбие дұрыс берілмегендіктен, ата-ана балаға көңіл бөлмей, ғаламтордағы психиканы құраттын ақпараттардың кесірінен деп ойлаймын. Осы проблеманы әрбір ата-ана ескеріп нәтиже шығаруы керек.

Егерде ата -ана баласын бақылауда ұстап оның күнделікті қандай іспен айналысып жатқанынан хабардар болып баламен дұрыс қарым – қатынас орнатса, ғаламтордың зиянды жақтарын жақсылап түсіндіре білсе, жиі баламен сөйлесіп, тиімді күн тәртібін ұйымдастырса онда қоғамда балалар мен жасөспірімдердің ғаламторға тәуелділігі жайлы проблемалар азаяды. Одан кейінгі келтіретін зияны уақыттың қадірін білмей, компьютер мен телефон алдында көп уақытты өткізіп қою, сондықтан да ғаламторды барынша тиімді жақта қолдануы қажет сонда ғана тәуелділік пен суицидтердің саны азайып қоғамымыз жақсы жаққа қарай өзгереді.

Ғаламтордың қоғамға пайдалы жағы да жоқ емес: Ғаламтор арқылы кез – келген ақпараттарды оңай әрі жылдам біле аламыз, қосымша табыс табумен айналыса аламыз тіпті шет елмен онлайн түрде бизнес жүргізе аламыз. Алыстағы таныстарымызбен қалаған уақытымызда видеозвонкпен сөйлесе аламыз, өзге елдер мен ол жақта болып жатқан ақпараттарды бармай ақ экраннан бәрін тамашалай аламыз. Ғаламтордың барына қуанатынымның себебі: білім саласына көп көмегін тигізеді, мектепте практика барысында ғаламтор арқылы мен балаларға қызықты ақыл – ойын дамытатын тапсырмаларды орындата аламын экран арқылы, сонымен қатар пайдалы видеороликтер, түсіндірме сабақтарды көрсете аламын. Ғаламтор арқылы сабақ өтуге қажетті көрнекіліктер, қосымша тапсырмалар, кері – байланыс тапсырмаларының түр – түрін тапсақ болады. Ғаламтордың осындай пайдалы мүмкіндікті беріп отырған қуантарлық жағдай.





Ғаламтордың қоғамға пайдалы тағы бір тұсы ауа – райы мен алда болатын апаттардан хабардар болып отыруымыз. Ауа-райы мен апаттар демекші, кез-келген табиғи апаттар орын алса адамдар бір - бірімен байланыс жасай алады және сол апаттың болатынын зерттеушілер зерттеп, ғаламтор арқылы адамдарға ақпараттар таратылады.

Ғаламтордың пайдасы мен зияны жайлы ақпараттарды көптеген ғалымдар зерттеп өздерінің еңбектерінде нақыл сөздерінде бөлісіп отырған. Бірақ зерттеулердің нәтижесінде ғаламтор кітаптың орнын баса алмайтыны анық айтылған, ғаламторды көбіне ақпараттарды алу жаңалықтардан хабардар болып отыру үшін пайдалану жайлы айтып өткен. Ғаламторды зерттеумен айналысқан зерттеушілер мен программистердің ғаламтор жайлы ойлары.

Ғаламтор – үлкен бизнестің бастамасы деп жазушы [Джек Уэлч] өзінің сұхбатында интернеттің пайдасын атап өтті.[3,116]

Ғаламтордың пайда болғаны жақсы болды, оны барлық адам қолдана алады және барлығына ашық бола алады деп өзінің ғаламторға деген көзқарасын білдірген [2,276]

Ескі сөз бар: кілт тесігіне үңілме – қайғыға себеп болмайды. Адамзат тарихындағы ең үлкен кілт ол ғаламтор деп өзінің ғаламтордың пайдасы жайлы пікірін білдірген [3,76] Айтылған пікірлер бойынша ғаламтордың адам өміріне пайдалы жақтары бар екендігін білдік.

Қорытынды ой: Қоғамдағы әрбір адам қазіргі таңда ғаламторды тұтынады, тұтынбайтын адам жоқтың қасы шығар. Ғаламторға тәуелділік қоғамымыздың басты мәселесі, яғни жас жеткіншектердің денсаулығына, тәрбиесіне, сабаққа деген зейініне жалпы өміріне үлкен зияндар алып келеді.

Ғаламторға тәуелділіктің алдын алу үшін ата – ана баласына көңіл бөліп ұдайы бақылауда ұстауы қажет. Баланың дені сау, әрбір іске қабілетті болуы үшін ата – ана дене тәрбиесіне аса мән бергені жөн. Баланың жаттығулар жасауын, таза ауада серуендеуіне, уақытылы ұйықтауына баса назар аударуы қажет.

Дене тәрбиесі арқылы балада жағымды мінез -құлық қалыптасады, баланың ағзасы шынығады, дене бітімінің дұрыс дамуы жүзеге асады. Ғаламторға тәуелділіктің алдын алу барысында өзгерісті әр адам өзінен бастауы қажет. Ғаламторды үздіксіз пайдалана бермей тек қана қажет кезде дұрыс мақсатта пайдалануымыз қажет.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1.«Информатика негіздері» ғылыми-әдістемелік журнал. Алматы, №1, 2010ж..
- 2.Ж.У.Кобдикова, Г.А.Көпеева, Ә.Ә.Қаптағаева Информатика. Жалпы білім беретін мектептің 5-ші сыныбына арналған оқулық. Нұр – Сұлтан «Арман – ПВ баспасы».
3. «Информатика негіздері» ғылыми журнал. Алматы №5, 2011 жыл.
4. «Кемел адам» Жолдыбайұлы.К. Алматы, «Самға» баспасы, 2022 жыл.
5. «Информатика» Жалпы білім беретін мектептің 8-сынып оқушыларына арналған оқулық. Р.Қадырқұлов, Ә.Д. Рысұлбекова, Г.К.Нұрмұханбетова, Алматы 2023.



## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ОҚУ ДАҒДЫСЫН ДАМУЫ

**Кемелбекқызы Бүлдіршін**

«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 2-курс магистранты,  
Абай атындағы ҚазҰПУ

**Ғылыми жетекшісі: Г.Т.Сәдуақас**

қауымдастырылған профессор, педагогика ғылымдарының кандидаты  
Абай атындағы ҚазҰПУ,  
Алматы, Қазақстан

***Аңдатпа:** Мақалада авторлар бастауыш сынып оқушыларының функционалдық оқу дағдысын дамыту мәселелерін қарастырады. Оқушылардың функционалдық оқу дағдысын қалыптастыру – бүгінгі заманның талабы. Оқушының дағдыны меңгеру жолы – өте күрделі және ұзақ уақытты керек ететін үдеріс. Дағды біліммен бірге негізделеді. Оқу жұмысында олардың маңызы зор. Өйткені дағды оқушының алған білімінің қаншалықты берік екендігінің белгісі болып табылады.*

***Түйін сөздер:** Функционалдық сауаттылық, құзыреттілік, әдебиеттік оқу, дағды, функционалдық оқу дағдысы.*

XXI ғасырда барлық дағдыларды бойына жинақтаған жаңа заманның педагогтері білім деңгейі жөнінен, біліктілік тұрғысынан әлдеқайда жоғары болуы тиіс. Жоғары оқу орнын бітіруші болашақ бастауыш сынып даярлық деңгейіне қойылатын талаптарда қоғамымыздың жаңа әлеуметтік тапсырыстары жоғары оқу орнын бітіруші болашақ педагогтердің бойында бүгінгі заманға сай жаңа әрекет пен идеялардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін дағдылар, яғни субъектілердің бойында өзіндік ерекшелігімен танылатын маңызды дағдыларды қалыптастыру мәселесі қарастырылады.

Уақыт талабы білім жүйесінде азаматтарды тәрбиелеу үдерісіне жаңаша бағыт, соңғы серпілістер мен шығармашылық негіздегі педагогикалық ізденістерді қажет етеді. Адам факторы алға шығарылып, қатаң бәсекелестік заманында өзінің білімділігі мен біліктілігін таныта алар дарынды да талапты жеке тұлға тәрбиелеу міндеті жалпы білім беретін мектептердің білім мазмұны мен оқыту үдерісіндегі жаңа ойлар мен шешімдердің жүйесіне тіреледі. Әлемдік өркениетке ұмтылған кезде мемлекетіміздің білім жүйесі жаңаша заманның қажеттіліктері мен сұраныстарына, талабына сай болуы тиіс.

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр. Ол оқушылардың қатысымдық, ақпараттық, проблемалардың шешімін табу құзыреттіліктерінің бірлігінен құралады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылық мазмұны келесі құзыреттіліктерден көрінеді:

- оқу, жазу сауаттылығынан;
- жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығынан;
- математикалық сауаттылығынан;
- компьютерлік сауаттылықтан;
- денсаулық мәселесіндегі сауаттылықтан;
- құқықтық сауаттылығынан [1].

Оқушылардың функционалдық оқу дағдысын қалыптастыру – бүгінгі заманның талабы. Мұндағы негізгі мақсат оқу үдерісін ізгілендіру, өскелең жас ұрпақтың парасатты,



ана тілін құрметтейтін, ата-баба дәстүрін жалғастыратын адамзат тәрбиелеу. Бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдысын қалыптастыру – осы сатыдағы білім мазмұнының құрамдас бөлігі.

Оқушының дағдыны меңгеру жолы – өте күрделі және ұзақ уақытты керек ететін үдеріс. Дағды біліммен бірге негізделеді. Оқу жұмысында олардың маңызы зор. Өйткені дағды оқушының алған білімінің қаншалықты берік екендігінің белгісі болып табылады.

Баланың мектепке келуі оның дағдыларының белгілі бір жүйемін дамып отыруына мүмкіндік туғызады. Мұғалім балаға *жазу, оқу, есептеу* сияқты күрделі дағдыларды үйрете бастайды. Осы айтылғандарға дағдыландырудың бастапқы жолы жаттығу жұмыстарынан басталады. Оны қалыптастыру үшін қайталау жеткіліксіз, оған арнайы жаттығу қажет. Кез-келген қайталаудан жаттығу шықпайды. Мәселен, адамның нашар жазуы, көп қайталағанмен түзелмейді. Себебі, мұнда арнайы жаттығулар жүйесі жоқ. Жаттығу жөнінде белгілі ережелерді білмей, яғни дағдыны қалыптастыру қандай жолмен жүріп отырғандығымен таныспай, қандай дағдыға болса да ие болу өте қиын. Жаттығу жұмыстарында ереже түсіндіріледі. Бұдан кейін бала ережені іс жүзінде қолдана білуге үйренеді. Мұғалім сан алуан әдістермен арнаулы жүйелердің ең тиімді дегендерін тандап, оны бала дағдысын қалыптастыруға қолданады. Мұғалімнің бар шеберлігі мен өнерін салатын осы жер. Өйткені дағдының іргетасы дұрыс қаланса, соғұрлым жақсы, тыңғылықты бекітін болады. Баланың ережені жақсы түсіне алуы, тәжірибеде қателеспей пайдалану, онда дағдының орныға бастағанының белгісі.

Оқу мазмұны неғұрлым қиын келсе, соғұрлым қайталауды кеңінен талап етеді. Егер жаттығу жұмысы орынсыз көп қайталана берсе, оқушы тез шаршайды. Ал қайталау аз болса, онда дағды терең қалыптаспайды. Сондықтан қайталау оқу мазмұнының ерекшелігіне қарай белгілі бір мөлшермен жүргізілуі тиіс.

Оқу дағдысының қалыптасуы оларға ұсынатын материалдық түсініктілігіне, жеңілдігіне және қызықтылығына байланысты екендігін бірқатар ғалымдар (Н.А.Рыбников, С.Жиенбаев т.б) өз еңбектерінде дәлелдеп көрсеткен [1].

Оқушыны дұрыс оқуға үйрету жұмысы бірінші сыныптан басталып, әрбір жеке сөзді дыбыстап емес, буындап оқуға үйрету керек. Бұл кезде оқушыларға дыбыстардың бір түрін екінші түрінен ажырату қиын соғады. Сондықтан олар өзара салыстырылады. Осы кезде оқушыны тек дыбыстарды ажыратуға ғана үйретіп қоймай оларды буынмен оқып жаттықтыруға ерекше мән беріледі. Әліппе кезеңінде бірінші тоқсанда сөзді буындап оқып үйренген оқушы, екінші тоқсанда сөзді буынға бөлмей, тұтас оқи алатын болады. Ал екінші сыныпта сөйлемді бірден оқиды. Үшінші сыныптарда сөйлемді сазына келтіріп дұрыс, мәнерлеп оқуға жаттығады. Дұрыс оқуға үйрету үшін алдымен мұғалім әр оқушының қалай оқитынын, әрқайсысының оқу машығын жетілдірерлік жүйелі жұмыстар жүргізу керек.

Бастауыш мектепте функционалдық оқу дағдысын қалыптастыру бойынша негізгі жұмыс түрлері әдебиеттік оқу сабақтарында жүргізіледі.

«Әдебиеттік оқу» пәні функционалдық оқу дағдысын қалыптасуы оқушының мәтінді дұрыс, мәнерлеп және шапшаң оқуды меңгеруі, шығарма авторының көзқарасын түсінуі, мәтінді оқырман ретінде қабылдауынан байқалады. Сөз өнеріне деген қызығушылық, тілдік эстетикалық талғамы қалыптасады. Сөйлеу әрекетінің түрлері жетіліп, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық пен рухани- адамгершілікке тәрбиеленеді.

Мәтінді оқу сапасы дұрыс, түсініп, шапшаң, мәнерлеп дағдысы қалыптасады. Ауыз әдебиетінің жанрлары, отандық және әлемдік балалар әдебиетінің озық үлгілерімен танысады.

Ақын-жазушылардың балаларға арналған шығармалары туралы, басты тақырыбы, басты кейіпкерлері және негізгі мазмұны жайлы түсінік қалыптасады. Мәтінді талдап, жанрлық сипаты туралы түсінік қалыптасады.



Шығарма сюжеті ізімен немесе еркін тақырыпта әртүрлі әдеби шығармашылық жұмыс түрлері: өлеңді мәнерлеп оқу, әңгіме құрастыру, мәтінді сахналау, мәтін бойынша сурет салу, мақала жазу, шағын үзіндіге сценарий жазу т.б. орындау машықтары қалыптасады. Сонымен қоса оқырмандық мәдениеті, кітапханада жұмыс істей алу, кітап дүкендерінде қажет кітапты таңдай алу дағдысы, ана тілінде ауызша және жазбаша дұрыс сөйлеу, мәнерлеп оқу, білім сайыстарына қатысу, өз ойын анық нақты баяндау білігі мен функционалдық сауаттылығы қалыптасады.

Ж.Аймауытов: «Ана тілін үйрену – сөздерді жаттау, олардың жүйесін өзгеру заңдарын білу ғана емес, тіл үйренумен қатар, бала тілдің сансыз көп ұғымдарын, ойларын, сезімдерін, сұлу үлгілерін меңгереді» - деп ерекше көңіл бөледі [3].

Оқушының мұндай жәрежеге жетуі олардың дұрыс оқу дағдысы қалыптасқанда ғана мүмкін болатын нәрсе.

Дұрыс оқу дегеніміздің, өзі – оқушының шығарманы дұрыс, түсініп, шапшаң және мәнерлеп оқуы. Міне, осындай оқу түрлері іске асқанда ғана біз оқушы шығарманы саналы түрде оқыды деп аламыз. Саналы түрде оқылған шығарма ғана сезімге әсер ете алады. Ендеше, оқушылардың оқу дағдысын қалыптастыру және жетілдіру – бастауыш сыныптардағы «Әдебиеттік оқу» пәнінің негізгі міндеті болып келеді және бола бермек.

Бастауыш сынып мұғалімдері өзінің және басқа мұғалімдердің жұмыс тәжірибесіне сүйене отырып, оқу дағдысын қалыптастырудың тиімді әдістерін іздеумен айналысады. Оған мыналар жатады:

– оқу дағдысын пысықтауға арналған жаттығулар жүйесі (В.А. Бородин, Т.И. Кондранина әдістемесі негізінде): «шифрограмма», шеңбер бойымен сөздерді оқу, әртүрлі интонациямен және дауыс күшін пайдаланып оқу, жетіспейтін сөздермен мәтінді толықтырып оқу және т. б.;

– көркем шығармамен жұмыс: мәтінді алғашқы қабылдаудың тұтастығы, проблемалық сұрақ қою, шығарма идеясын түсіну үшін тереңірек талдау, автордың ұстанымына және тілдің көркемдік құралдарына назар аудару;

– шығармашылық тапсырмалар: жұмбақтар, ертегілер, әңгімелер, өлеңдер жазу, сөзжұмбақтар жасау; жеке балалар кітаптары мен сынып шығармаларының жинақтарын жасау;

– АКТ құралдарын қолдану (жазушы туралы әңгіме, таңдамалы оқу, сөздік жұмысы, әдеби викторина және т.б.) [4].

Мысалы: «Сингапурлық оқыту» әдістемесі бойынша әр оқушы нөмір алады, төрт оқушы бірігіп топта жұмыс істейді және тапсырмалар сандар бойынша сараланады. Әр оқушыға берілген мәтінді бөліктер бойынша бөліп негізгі ойды таңдауды үйрену, сұрақтарға жауап беру, ақпаратты түсіндіру міндеті жүктеледі. Төртеуінде жұмыс істей отырып, әркім өз тапсырмасы үшін жауап береді. Бұл әдіс бойынша оқушының оқу дағдысы да, оқу сауаттылығы да артатынын көруге болады [4].

Кішкентай абзац пен жеңіл сұрақ әрқашанда үлгерімі төмен балаға берілмеу керек. Баланың өмірлік тәжірибесімен байланысты ізденушілік, қызықты, проблемалық тапсырмаларды ойластыру қажет. Сыныптағы әр оқушының мәтінді толығымен оқып, ондағы негізгі ойды бөлектей алуы, құбылыстың қандай маңызды белгілері сипатталғанын анықтай алуы және т.б белгілерін анықтай алуы маңызды. Дайындығы нашар балаларға қарапайым мәтіндер таңдалуы керек, егер олар оқулықта болмаса, мұғалім күрделі мәтіндерді бейімдеуі керек.

Қорытындылай келгенде, оқушының оқу дағдысын қалыптастыру – бастауышта білім берудің құрамдас бөлігі. Оқу дағдысын қалыптастыру, әдеби жазба тілі мен сөйлеу тілімен байланысып жатады. Оқушыларман жүргізілетін түрлі жаттығулар, тілдің заңдылықтары, ережелерді меңгерткенде ғана оқу дағдысын қалыптастыруға болады.



### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1 «Қазіргі бастауыш білім беруде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың өзекті мәселелері»: ғалым-педагог М.Қ. Жұбанованың 90-жылдығына арналған халықар. ғыл.-практ.конф. мат. жинағы. – // Алматы. «Қыздар университеті» баспасы, 2016, 442 бет.

2 Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру (бастауыш сыныптар). Әдістемелік құрал. – // Астана. Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 66 б.

3 Аймауытов Ж. Жан жүйесі және өнер таңдау (Психология). - Алматы: Рауан, 1995. - 310 б

4 Бозжанова Қ. Қазақ бастауыш мектептерінде I-III класс оқушыларының оқу дағдыларын қалыптастыру. – //Алма-Ата: Учпедгиз, 1961. - 147 б.

3 Шәрәпиева Ә.А. Оқу дағдысы – функционалдық сауаттылық негізі.  
<https://daryn.online/article/2090>

## АБАЙДЫҢ «ҒЫЛЫМ ТАППАЙ МАҚТАНБА» ӨЛЕҢІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

**Касенова Т.Т.,** 1-курс магистранты

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

***Аңдатпа:** Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың рухани қазынасы. Қазіргі таңда Абай шығармалары арқылы оқушы бойында танымдық құзыреттілікті қалыптастыру-өзекті тақырып. Мақалада бүгінгі білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен оқушылар бойында әртүрлі құзыреттілік дағдысын қалыптастыру әдістері қарастырылған. Білім беру жүйесінің стандартын негізге ала отырып, оқытудың негізгі мақсаты мен оқыту нәтижесі барлық жағдайда дерлік құзыреттілік түсінігімен қатар қолданылатындығы баяндалады. Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі арқылы оқушы бойында танымдық қабілет қана емес, құзыреттіліктің де қалыптасу мүмкіндігі талданады.*

***Тірек сөздер:** таным, құзыреттілік, әдіс, әдістеме.*

Бүгінгі білім беру жүйесі әртүрлі өзгерістер негізінде жас ұрпақты білім, дағдымен қаруландырып қана қоймай, қоғамның сан тарапты жолдарына барынша бейімдеп, танымдық қабілетті меңгерген құзыретті тұлғаны қалыптастыруды мақсат етіп отырғаны айқын. Біз тілге тиек етіп отырған білім беру жүйесінің алға қойған мақсаты мен оқыту нәтижесі барлық жағдайда дерлік құзыреттілік түсінігімен қатар қолданылады [1]. Танымдық құзыреттілік ұғымы педагогикалық ғылым мен практикада әртүрлі мағынада кездеседі. Әсіресе, ғалымдардың еңбектерінде сан қырынан талдана отырып, түрлі сатыда сараланады. Ғалымдар негізгі ұғымдар ретінде «құзырет» пен «құзыреттілік» ұғымдарын жіктеп қарастырады. Құзыреттілік ұғымын жаңартылған инновациялық жүйені іске қосу арқылы қарастыру мүмкіндігі бар. Ғылымда «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарына түрлі анықтамалар таба аламыз. Олардың құрылымдық күрделілігін, жүйелілігін,



пәнаралығын, әлеуметтік және тұлғалық мәнін көрсете отырып талдауға болады. Құзыреттіліктің қалыптасуының негізгі құралыарнайы ұйымдастырылған – оқыту, тәрбие процесі, отбасының, қоғамдық ұйымдардың біртұтас білім беру кеңістігін құру [2]. Танымдық құзыреттілік тұлғаның кейбір сапаларының жиынтығын игеруге мүмкіндік беретін сыртқы талаптар мен әлеуметтік шарттарға бейімдеу ретінде қарастырылады. Жоғарыда аталғандардың негізінде біз танымдық құзыреттілік әлеуметтік өзара әрекеттің әр түрінде және әрбір кезеңінде пайда болатын әлеуметтік қатынастарды белсенді шығармашылық игеруден, баланың тұлғааралық және тұлғаішілік әлеуметтік позициялар мен қатынастарды құру мен реттеудің негізі болатын этикалық нормаларды атап көрсетуіміз қажет.

Танымдық құзыреттілік оқыту мен білім беру әдістемесінде маңызды рөл атқарады. Себебі, сыни тұрғыдан ойлау, ақпаратты талдау, қорытынды жасау және дәлелдерді бағалау сияқты қабілеттерді қамтиды.

Танымдық іс-әрекетке бейім баланың бойында батылдық, еркіндік, ұшқырлық, сезімталдық сияқты қасиеттермен қатар ерекше ой қызметі, қайшылықтарды түсіну, заңдылықтарды анықтау, шығармашылыққа деген құштарлық болуы керек. (1.1-суретте).



1.1 –Сурет

Қазақстан Республикасының заңнамаларын, нақтырақ айтсақ, ҚР 30.12.2022 № 177-VII «Білім туралы заңын» мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын негізге ала отырып, стандартта берілген жас ұрпақтың дамуын қамтамасыз ететін, оның келешек мектептегі оқуға дайындығы ретінде танымдық құзыреттілігін дамыту қажеттілігі бар екендігі анықталады.

Танымдық құзыреттілікті В.Байденко «өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алу қабілеті ретінде», С.Е.Шишов «педагогтің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімі ретінде», Ш.Таубаева «тұлғаның жалпы қабілеті мен іс-әрекетке даярлығы ретінде айқындалатын, тұлғаның кіріктірілген қасиеті ретінде», В.Ландшеер «терең білімнің бір түрі ретінде», К.Л.Кабдолова «жан-жақты білгір деген мағынада», Б.Т.Кенжебеков «белгілі бір саланың тұлғаларының білім, тәжірибесінің сәйкестігінің мөлшері» деген анықтама, түсінік берген, зерделдеген.

Кеңірек тоқталсақ, В.Ландшеер: «Танымдық құзыреттілікті тереңдете оқытылатын білім» - деп қарастырса, М.Чошанов: «құзыреттілікті білім мен білік тұрғысында қарастырған жөн» - деген көзқарас білдірген [3].



Оқушылардың танымдық құзыретін қалыптастыру проблемасы О.В.Потанинаның зерттеулеріндегі оқушылардың құзырет моделін дамытудың теориялық және қолданбалы аспектілері арқылы ішінара ашылады, ол танымдық құзыретті «белсенділікке, өзін-өзі ұйымдастыруға және дамуға дайындық ретінде қарастырады». О.В.Потанина танымдық құзыретті «білім, білік, жалпы алғанда, білім берудің бір түрі» ретінде қарастырады, бұл тұлғаның өзін-өзі жетілдіруге, түлектердің өз орнын табу уақытын қысқартуға және олардың жаңа қызмет жағдайларына бейімделуіне ықпал етеді. Сонымен, О.В. Потанинаның пікірі бойынша «танымдық құзырет – бұл білім беру процесінің нәтижесі, оның барысында оқушылардың кәсіби, жеке, әлеуметтік өмірде, өзін-өзі басқарудағы және дамытудағы танымдық іс-әрекеттерді дамытуға дайындығы деңгейі қалыптасады, сонымен қатар жаңа білім мен дағдылар да қалыптасады»[4]. Танымдық құзырет өзіндік рефлексия дағдыларын игеруге, жеке әлеуетін өзектендіруге, білім деңгейін үнемі көтеруге дайындықты қалыптастыруға ықпал етеді.

Жоғарыдағы тұжырымға сәйкес танымдық құзырет құрылымына мотив, мақсат, өзін-өзі талдауды қамтамасыз ету, ұзақ бақылау және нәтижесінде өзін-өзі бағалауды, тұрақтылықты және өзін-өзі тануды арттыру қажеттіліктері кіреді.

Н.И.Белоцерковец танымдық құзыреттілік мәселесінде баланың қоғамнан берілген әлеуметтік қағидаларға бейімделуінің деңгейіне ерекше назар аударған.

Отандық ғалымдар да бұл тақырыпты жан-жақты зерделеген.Ж.И. Намазбаева «Современные проблемы психологии высшего образование» атты еңбегінде аталған құзыреттілік адамның интеллектуалды және шығармашылық әлеуетін дамыту мәселелерін талдайтынын және шығармашылық интеллектуалды тұлғаның психологиялық теорияларын анықтайтынын көрсеткен[5].Тұлғаның танымдық іс-әрекетіне жағдай туғызу дегеніміз – баланы ойлай білуге үйрет процесі екені сөзсіз. Оқушыдан танымдық қабілетті талап етпес бұрын,оны соған үйреткен жөн.Баланың зейінін,есін,қиялын,интеллектісін дамыта отырып,ойлау қабілетін,танымдық іс-әрекетін жоғары деңгейде өзгертуге болады.Танымдық құзыреттілік–мектеп жасындағы оқушылардың өмір сүру құқығынан,тұлғаның даму құқығынан,субъектінің өмірлік әрекет пен өмірлік шығармашылық құқығынан,қоғамның мүшесі болу құқығынан туындайтыны сөзсіз.

Құзыреттілік ұғымына тек қана оқыту,оқу қызметіне, әдістемеге қатысты ұғым ретінде ғана қарап қоймай, баланың ішкі психологиялық қасиеттерін,даралық ерекшеліктерін қалыптастыратын маңызды дағдысы деп қарастыру дұрыс деп есептейміз.

Ж.Серікбаева «Құзырлылық–білім сапасын арттыру кепілі» атты еңбегінде:«Құзыреттілік – оқыту және оқудың, өздігінен білім алудың нәтижесінде қалыптасқан білім мен біліктілікті тәжірибеде, іс-жүзінде, практикалық және теориялық мәселелерді шешу үшін қолдана алу қабілеттілігі. Ол ең әуелі мектептегі оқыту үрдісінде қалыптасады»деген пікір білдірген[6].

К.С.Құдайбергенованың «Құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде дамуының заңдылықтары» мақаласында құзырлылықтың категория ретіндегі қайшылығын оның жаңалық пен ескілікті тепе-теңдікте ұстауынан көрінетіндігін атап өтеді. Құзырлылықтың категория ретіндегі қайшылық сатылары:

Тепе-теңдік: жаңалық = ескілік.

Өзгешелік: жаңалық  $\geq$  ескілік.

Қарама-қарсылық: жаңалық пен ескілік бірін-бірі теріске шығара отырып, қарама-қарсы нәрселер бір-біріне айналады [7]. Мысалы, құзырлылық өзінің ішкі қозғалысымен білім саласындағы сапаның дайын сұраққа дайын жауап арқылы бағалануын теріске шығара отырып, шешімі жоқ сұрақтардың жауабы арқылы бағалауды бірінші кезекке қояды. Белгілі бір заттағы қайшылықтың ең жоғарғы сатысына жетуі, бір мезгілде оның жойылып кетуі, алғышарттарының айқындалуы, өзінің ішкі қозғалысымен өзін-өзі теріске шығаруы құзырлылықтың категория ретіндегі мазмұнының объективтілігін сипаттайды.



Г.Е.Самашова, С.Ф.Құрымбаев, Б.И.Абильгазин, С.Д.Ақылтаеваның «Болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары» монографиялық еңбегінде: «Құзырет – нақты әлеуметтік қоғамдық жағдайларға талдау жасай білуді, түрлі өмірлік жағдайларда жеке және қоғам пайдасына сәйкес шешім қабылдауды және ықпал етуді қалыптастыруы» [8]. Айталық, құзыреттілік – оқу нәтижесінде меңгерген білім мен дағдыны тәжірибеде қолдана алу, проблеманы шеше алу, оқушы дайындығының сапасын сипаттайтын жаңа сапалық белгісі екенін айқын көрсетеді.

Қазақ әдебиеті сабағына қатысты айтатын болсақ, шығарманы белгілі мен белгісіздікке бөледі, сөздікті, энциклопедияны қолданады, алынған ақпаратты берілген құрылым бойынша жүйелендіреді. Қазіргі білім беру жүйесіндегі озық технология мен әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдалану оқушының танымдық және ақыл-ой белсенділігін арттырады.

Біз, Абайдың 6-сыныптың оқу бағдарламасында ұсынылған «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі арқылы танымдық құзыреттілікті қалыптастыру әдістемесіне тоқталамыз. Мектеп бағдарламасында Абайдың өмірі мен шығармаларын оқыту жалпы 16 сағатты құрайды. Нақты өлеңді танып-білуге 2 сағат бөлінген. «Ғылым таппай мақтанба» – ұрпақ тәрбиесіне арнаған алғашқы өлеңінің бірі. Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс алып тұр. Қазіргі білім беру саласында да Абайдың маңызы бар екені айдан анық. Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңіне түсінік берек кетсек. Өлең өзегі – «адам бол!» идеясы. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің негізі тақырыбы – жас ұрпаққа, «көкірегі сезімді, көңілі ойлы» адамдарға сенім артып, олардың жүрегін оятып, оларды өзінің мақсат-мұраттарына тартуға ұмтылдыру. Соның өзінде-ақ, теңіздей терең мұраны ағартушылық дидактика демей, даналық өсиет десек дұрыс болатындай. Ондағы пәлсапалық ой-танымды мұқият зерделеп, байыптап түсіндірмекпіз.

Өсек, өтірік, мақтаншак,  
Еріншек, бекер мал шашпақ  
Бес дұшпаның, білсеңіз.  
Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, рақым, ойлап қой  
Бес асыл іс, көнсеңіз.

Дәйім жатқа айтылатын осы «бес дұшпан» мен «бес асыл іс» идеясын оқушы түсіне отырып, бойында танымдық іс-әрекет қалыптасатыны сөзсіз. Терең ізденісінде хакім Абай «бес дұшпан» ақымақ адамның, ал «бес асыл» толық адамның істері екенін анықтап береді. Шүбәсіз, «Толық адам» ілімі – хакім Абай жаңалығы. Ал осы толық адам болу жолында кезігетін тән мен жанның таласы және адамның өзін-өзі жетілдіруі деген екі күрделі мәселені көрсете білген. Бес дұшпан – өзімшілдік я эгоист мінездің, ал бес асыл іс – көпшіл мінездің көрінісі. Екі мінез антипод: біріншісі – қатігез, екіншісі – бауырмал. Жан мен тәннің таласы, әлбетте, қоғамдық өмірде ғана емес, әр адамның жүрегі арқылы өтетін мәңгілік күрес екендігі мәлім дүние. Жоғарыда аталған бесеуді ойшыл «бес дұшпаның» деген. Неге? Себебі, ел бұзылуы, яғни әлеуметтік әділеттілік пен дәстүрлі өмір реттілігі бүлініп, қоғамның қилы өрнекке орануы – осы бесеудің ісі.

Президентіміз Қ.Тоқаевтың 2020 жылы 8 қаңтарда жарық көрген «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласының соңында: «Абай бізге нені аманаттады? ...Басқасын былай қойғанда, ақын айтқан бес асыл істі жүзеге асырып, бес дұшпанды бойдан қашырып жатырмыз ба?» дейтіні осыған әкеледі. Енді «бес асыл іске» келейік. Талап пен еңбек – осы дүниеде жақсы ғұмыр кешу шарты. Бұл екеуінсіз жақсылық атаулы да (ұрпақ өсіру, абыройлы болу, ұзақ жасау және т.б.), ырыздық-нәсіпке кенелу де жоқ. Бірақ адамға дүние жылтырақтығына алданбау, терең ойға келу шарт екендігі туралы айтылады. Қазық болып қағылған асыл іс осы. «Терең ой» деген не? Абайда «терең ой» – Құдай бар, жан





жоғалмайтынына сенім.Басқаша айтқанда, әр адам өз жүрегінің түбіне терең бойласын дегені. Жүректе сенімі жоқ адам қиянатшылыққа салынбақ. Бес асыл іске сен, оны өмірде практикалық тұрғыда жүзеге асыру қажеттілігін көрсеткен.Өлеңнің бірінші бөлімінде екі түрлі мінезді бір-бірімен салыстыру арқылы оқушының бойында таным үрдісінің қалыптасуын қамтамасыз ететінін жеткізгіміз келеді.

Өлеңнің екінші бөлімінде Абай жастарды бес асыл іске шақырған. «Ақыл сенбей сенбеңіз, Бір іске кез келсеңіз», «Сөзіне қарай кісіні ал, Кісіге қарап сөз алма» және «Жамандықтан жиренсең, ашыларсың жылма жыл» деген ақыл-кеңестері соның айғағы. Әрбірін жіліктеп ұқтырып, жас ұрпақты өзін-өзі жетілдіруге үндеген. Жоғарыда талданған жолдар негізінде Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі-шапағатты адам болуды аманаттаған өлең екеніне көз жеткіземіз. Бұл өлеңінде адамның бақытты болу формуласы және өзін-өзі жетілдіру жолдары (танымдық құзыреттіліктің негізі) паш етілген.Осы өлеңі жас ұрпаққа саналы шешім қабылдауға, өз бетінше мақсат қоюға және осы мақсаттарға жету үшін танымдық қызметтерді жүзеге асыруға жол сілтейді.

Қорытындылай келе, құзыреттілік ұғымы «білім», «білік», «дағды» сияқты ұғымдарды қамтиды.Алайда бұл білім,білік пен дағдының жай жиынтығы емес.Құзыреттілік оқу нәтижелерімен қатар,оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттері мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді. Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде білік,дағды қасиеті өзінің даралығымен сипатталып,тұлға өз бетімен жетілдіріп отырған жағдайда ғана құзыреттіліктің негізі бола алатындығын көрсетеді.Абайдың бұл өлеңі арқылы оқушы алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде,күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешу үшін қолдана алу қабілеті. Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін оқыған оқушы бойында ортамен, қоғаммен тиісті әрі тиімді қарым-қатынас жасай алу қабілеті қалыптасатыны анық.Абайдың жоғарыда қарастырылған өлеңі де адам мен қоғамның дамуындағы ғылымның рөлін түсіну,этномәдениеттілік құбылыстарды игеруге,танымдық құзыреттілікті қалыптастыруға мүмкіндік беретіні даусыз.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ж.Серікбаева Құзырлылық–білім сапасын арттыру кепілі . – // Алматы. 2006 ж.
2. К.С. Құдайбергенова Құзырлылық табиғаты-тұлғаның өздік дамуында . – // Алматы. 2006 ж.
3. Б.Кенжебеков Маманның кәсіби құзіреттілік мәселесі . – // Ұлт тағылымы, № 3, 200 ж.
4. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы //Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2006 ж.
5. Е.Т. Ақитбаев Жеке тұлғаның шығармашылық дарындылығын дамыту жолдары. – //2011 ж.
- 6.К.С. Ныязбекова Құзыреттілік – шығармашыл тұлға қалыптастыруға бағытталған білім беру негіздерінің бірі . – //Алматы. 2013 ж.
7. К.Құдайбергенова. Құзырлылық - тұлға дамуының сапалық критерийі. – // 2008 ж.
8. Г.Е.Самашова,С.Ғ.Құрымбаев, Б.И.Абильгазин, С.Д.Ақылтаева Болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары. – // Қарағанды. 2020 ж.



УДК 376.01 – 056.24

## ОСОБЕННОСТИ ОБУЧЕНИЯ РУССКОМУ ЯЗЫКУ В УСЛОВИЯХ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

**Кадырбергенова Айгерим Аманкельдыкызы**

Студент филологического факультета АПИ им.И.Алтынсарина,  
Научный руководитель – Жумабаева Гульмира Сабырбековна  
Аркалык, Казахстан

***Аннотация.** Исследование инклюзивного образования является одной из новых, наиболее актуальных проблем в области педагогики. В данной статье анализируются содержание и особенности понятия «инклюзивное образование», подходы и особенности изучения русскому языку в условиях инклюзивного образования.*

***Ключевые слова:** инклюзивное образование, интеграция, социализация, методика, технология, ребенок с особыми образовательными потребностями, адаптация, безбарьерная среда.*

**Инклюзивное образование** – это полное включение всех детей, в том числе детей с ОВЗ, в общеобразовательный процесс и социальную адаптацию, независимо от пола, происхождения, вероисповедания, статуса, устранение барьеров, разделяющих детей; поощрение их родителей к активной деятельности, государственная политика, направленная на призвание, особую поддержку коррекционно-педагогических и социальных потребностей ребенка, т. е. эффективное воспитание при сохранении общего качества образования [1].

Инклюзия подразумевает полное вовлечение каждого ребенка с особенностями и ограниченными возможностями во все виды школьной деятельности. Это означает, что инклюзия включает в себя гораздо больше, чем присутствие учащихся с особыми образовательными потребностями в классах и школах; это их участие и признание в качестве личностей, принадлежащих к сообществу, которые должны иметь те же права и возможности, что и каждый отдельный человек.

**Нарушения в обучении** - это неврологические различия в обработке информации, которые серьезно ограничивают способность человека учиться в определенной области навыков. У всех людей разные способности к обучению, но люди с ограниченными возможностями в обучении имеют серьезные проблемы с обучением, которые сохраняются на протяжении всей их жизни. Обучающиеся с ограниченными возможностями могут испытывать трудности в школе или на работе. Неспособность к обучению также может повлиять на независимую жизнь и социальные отношения. [2]

Учащиеся, которые сталкиваются с такого рода нарушениями, могут испытывать разочарование, если не внедрять условия и методы, которые им требуются; кроме того, эмоциональный фактор очень важен, потому что эти учащиеся нуждаются в признании, а их включение в класс подразумевает их активное участие и оценку их опыта и человеческих качеств.

Существуют важные элементы для создания успешного класса русского языка, который облегчает процесс преподавания языка. Эти элементы включают в себя:

- **Внешний вид класса.** Плакаты, картинки, диаграммы и т.д. должны быть вывешены по всему классному помещению. Таким образом, кабинет должен быть местом с достаточным пространством для развития различных дидактических действий, и для этого требуется создать приятную обстановку, чтобы сосредоточить и мотивировать всех учащихся.



- **Роль учителя.** Роль учителя является основополагающей; необходимо взаимное уважение между учителем и учениками, а также среди самих учеников; они должны чувствовать себя свободными совершать ошибки, не боясь быть осужденными или высмеянными.

- **Материалы для занятия.** В хорошем классе русского языка должны быть наглядные пособия для использования в преподавательской практике и набор дидактических материалов, соответствующих возрасту учащихся, таких как журналы, картинки, карточки, куклы, книги и коллекция игр, среди прочего.

- **Комфортная обстановка в классе в целом.** Успешный класс в инклюзивной системе – это тот, где дети с удовольствием погружаются в русский язык, участвуя в мероприятиях и проектах, которые укрепят их языковые навыки.

Для создания в классе подходящей среды для инклюзии необходимо следовать **трем основным принципам [3]:**

- необходимо встретить каждого ребенка на его собственном уровне развития, способствовать этому этапу и дать ребенку возможность переходить на следующий уровень; крайне важно знать ситуации, способности и ограниченные возможности каждого учащегося, чтобы уважать его процесс обучения.

- важно адаптировать среду к сильным и слабым сторонам каждого ребенка и помочь всем детям, с особыми потребностями или без, развить большую компетентность.

- очень полезно взаимодействовать с детьми таким образом, чтобы помочь им мыслить и решать проблемы на их собственном уровне.

Эти взаимодействия должны быть частью постоянных, доверительных отношений, которые складываются у детей с учителем и друг с другом. На занятиях по русскому языку крайне важно, чтобы учащиеся чувствовали себя свободными в обучении в своем собственном темпе и имели возможность использовать альтернативные стратегии оценки для удовлетворения своих уникальных потребностей, если таковые у них есть, не будучи обособленными или изолированными друг от друга. Поскольку учащимся необходимо добиться успеха, цели обучения должны быть четкими и достижимыми, но все же заключать в себе определенные трудности для них.

Учителям необходимо составить для них соответствующий план урока. План урока должен быть составлен на **основе некоторых критериев:**

а) методология, используемая при преподавании иностранного языка, должна быть адаптирована для учащихся с особыми образовательными потребностями;

б) учебный материал должен быть запоминающимся и интересным, но в то же время уместным;

в) учитель должен планировать дополнительное рабочее время с ребенком;

д) учебная программа должна быть адаптирована для учащихся с особыми образовательными потребностями (а именно, следует исключить необходимость охвата всей учебной программы и сосредоточить внимание на развитии нескольких навыков);

е) учитель вместе со специалистом по инклюзивному образованию должны составить индивидуальный учебный план для учащихся с особыми образовательными потребностями. Урок русского языка должен быть очень интерактивным и интересным; акцент должен быть сделан на пении, игре, танцах, рисовании.

Разнообразие упражнений и игр, применение ИКТ, CD дисков с игровыми программами на уроке русского языка помогает ребенку легче и быстрее запомнить изучаемый материал, а это ведет к расширению лингвистического кругозора: помогает освоить элементарные лингвистические представления, доступные и необходимые для овладения устной и письменной речью на русском языке [4].



Всё это благоприятно влияет на процесс обучения таких детей, и у них не возникает ощущения того, что его усилия напрасны.

В заключении хочу сказать, что работа по организации инклюзивного обучения только начинается. На сегодняшний день существует ряд проблем, связанных с широким внедрением инклюзии не только в процесс обучения иностранным языкам, но и в образовательный процесс в целом.

Инклюзивное обучение предоставляет таким детям возможность освоить хотя бы элементарный уровень владения иностранным языком, что в свою очередь даст шанс социализироваться в современном обществе, снизить количество социально неадаптированных, «выпавших» из образовательной структуры детей и подростков.

Знание иностранного языка даже на элементарном уровне помогает таким детям социализироваться, становится более самостоятельными, не испытывать трудности в общении со сверстниками.

#### СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. А.Т.Искакова «Основы инклюзивного образования»(Алматы,2013) стр 7.
